

ҚАЗАҚ және ӘЛЕМ
ӘДЕБИЕТІ

№

4-5

2010



КАЗАХСКАЯ и МИРОВАЯ
ЛИТЕРАТУРА





**«БІЛІМ LTD»
және «СӘТНАЗ»
ЖШС-нен шығатын
басылымдарға
жазылыңыздар!**

ӘЛЕМДІ КЕҢІ

З!

№4-5
(41)

ҚАЗАҚ ЖӘНЕ ӘЛЕМ ӘДЕБИЕТІ

КАЗАХСКАЯ И МИРОВАЯ ЛИТЕРАТУРА

2010

Журнал 2004 жылдың наурыз айынан бастап, қазақ және орыс тілдерінде шыға бастады
Журнал издается с марта 2004 года на казахском и русском языках

МАЗМҰНЫ - СОДЕРЖАНИЕ

ТАҒЫМ

Т. ТЕБЕГЕНОВ. Профессор В. Бадиковтың қазақ әдебиеті туралы зерттеу еңбектері 3

ЗЕРТТЕУ

Қ. ҚАЛЫБЕКОВА. Қазақ әдеби сыны: тарих және тағылым 7

Қ. ХАМЗИНА. Қазақ повесі: көркем уақыт пен кеңістік аясындағы адам концепциясы 10

Р. ӘЛМҰХАНОВА. Маңызды сарын 13

Ж. ЖАҚАНОВА. Көркем портрет және деталь 15

НАУЧНЫЕ ИССЛЕДОВАНИЯ

А. МАШАКОВА. Обзор современной итальянской прозы 19

Р. ОРАЗОВА. Сравнительная характеристика терминов родства в арабском и русском языках 22

ОПЫТ УЧИТЕЛЯ

С. НУРГАЛИЕВА. Музыкально-литературный вечер «Здравствуй, Масленица!» 24

ЛИТЕРАТУРНОЕ НАСЛЕДИЕ

И. ДЖАНСУГУРОВ. Кулагер 26

ІЗДЕНІС

Ж. БЕКБОСЫНОВА. Махамбет өлеңдеріндегі көркемдегіш құралдар 33

МҰҒАЛІМ ТӘЖІРИБЕСІ

Д. КЕҢЕСПАНОВ. «Ақын болу — ғажайып» 37

ІШТЕ ПІКІР ӨЛГЕНШЕ...

С. АЛДАЖАРОВ. Бурабай 40

МЕТОДИЧЕСКАЯ КОПИЛКА

Г.У. САТАНОВА. Инновации, творчество, победы 41

Г. БИТУРЕЕВА. Этика преподавателя 43

Р.Б. БАЙГЕНЖИНА. Письменное творчество развивает критическое мышление 44

АБАЙ КҰНАНБАЕВТЫҢ ТУҒАНЫНА – 165 ЖЫЛ

А.АТШАБАРОВА. Білмекке құмарлық 46

ҚҰРЫЛТАЙШЫ «Білім LTD» ЖШС

Бас директор

Ақбала АЙЕКЕЕВА

Бас редактор

Темірхан ТЕБЕГЕНОВ

Қазақстан Республикасы
Мәдениет, ақпарат және
қоғамдық келісім министрлігінде
06.05.2003 ж.

Астана қаласында тіркеліп,
N3849-Ж куәлігі берілген.

Басуға 02.08.2010
қол қойылды.

Пішімі 60x84 1/8

Авторлық б.т. 3,0

Офсетті басылым.

Таралымы 1500.

Басылым индексі: 75566

Редакцияның

мекен-жайы:

050016. Алматы қаласы,

Райымбек даңғылы 162,

4 қабат, 44-46 бөлме,

Факс: 233-69-38

Тел. 233-69-46, 279-61-48.

Журнал «FPprint» ЖШС

баспаханасында басылды.

Алматы қаласы, Төрекүлов

көшесі, 66 А.

«Қазақ және әлем әдебиеті
– Казахская и мировая
литература»



«Қазақ және әлем әдебиеті – Казахская и мировая литература»



Құрметті оқырман қауым!
«Қазақ тілі – Казахский язык»,
«Бухгалтерлер мектебі –
Школа бухгалтеров»,
«Физика және астрономия –
Физика и астрономия»
журналдарына 2011 жылға жазылыңыздар!

ЕСІҢІЗДЕ БОЛСЫН!

Ұсынылған материалдар компьютерде Times New Roman (Windows XP) шрифтісімен терілуі тиіс. Көлемі 4-6 бет шамасында болуы тиіс. Фотосурет 12x15 см, 2 данадан болуы керек. Жіберілген материал соңында автор туралы нақты әрі толық мәлімет болуы қажет. Материалдарды көрсетілген мекен-жайға, яғни редакция тұрағына бағалы хатпен жіберген дұрыс.

ОБРАТИТЕ ВНИМАНИЕ!

Предоставляемые материалы должны быть набраны и отпечатаны в виде принтерных распечаток шрифтом Times New Roman (Windows XP). Объем не более 4-6 страниц. Фотография 12x15 см, четкая (2 экз.). Точные, полные данные об авторе и подпись в конце статьи. Материалы отправлять заказным письмом по адресу г. Алматы, пр. Райымбека, 162, оф. 44-46.

Набор, дизайн полос и обложки, верстка
издательский центр ТОО «Білім LTD»

Журнал зарегистрирован
в Министерстве культуры, информации
и общественного согласия Республики Казахстан.
Свидетельство N 3849-ж от 06.05.2003 г., г. Астана.

Подписной индекс: 75566

Подписано в печать 02.08.2010 г.

Формат 60x84 1/8

Уч. изд. п.л. 3,0.

Печать офсетная.

Тираж 1500 экз.

Учредитель:

ТОО «Білім LTD»

Адрес: 050016, г. Алматы,

пр. Райымбека, 162.

4-этаж, офис 44-46

факс: (327) 233-69-38

тел.: (327) 279-61-48, 233-69-46.

РЕДАКЦИОННОЕ СОУЩЕСТВО

РЕДАКЦИОННАЯ КОЛЛЕГИЯ

Сейіт Қасқабасов – ҚР БЖҒМ, М.О. Өуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының директоры, филология ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА-ның академигі.

Қуандық Мәшһүр Жүсіп – С.Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университетіндегі қазақ әдебиеті кафедрасының Құрметті меңгерушісі, филология ғылымдарының докторы, профессор.

Бауыржан Омаров – ҚР Мәдениет министрлігі Тіл комитетінің төрағасы, филология ғылымдарының докторы, профессор.

Байзақ Момынбаев – Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінің ректоры, педагогика ғылымдарының докторы, профессор.

Шәкір Ыбыраев – Ш.Уәлиханов атындағы Көкшетау мемлекеттік университетінің ректоры, филология ғылымдарының докторы, профессор.

Бейбіт Мамыраев – Шығыс Қазақстан мемлекеттік университетінің ректоры, филология ғылымдарының докторы, профессор.

Ерлан Сыдықов – Шәкәрім атындағы Семей мемлекеттік университетінің ректоры, тарих ғылымдарының докторы, профессор.

Қансейіт Әбдезулы – Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті филология факультетінің деканы, филология ғылымдарының докторы, профессор, ҚР Жоғары мектептер ҒА-ның академигі.

Дандай Ысқақұлы – Сүлейман Демирел атындағы қазақ-түрік университетінің проректоры, филология ғылымдарының докторы, профессор, ҚР Гуманитарлық ҒА-ның академигі.

Құлбек Ергөбек – Қожа Ахмет Ясауи атындағы Түркістан халықаралық қазақ-түрік университетінің вице-президенті, филология ғылымдарының докторы, профессор.

Дихан Қамзабекұлы – Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің проректоры, филология ғылымдарының докторы, профессор.

Қадыр Жүсіп – Х.Досмұхамедұлы атындағы Атырау мемлекеттік университетіндегі З.Қабдолов атындағы ғылыми-зерттеу орталығының директоры, филология ғылымдарының докторы, профессор.

Токен Жұмажанова – Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетіндегі қазақ әдебиеті кафедрасының профессоры, педагогика ғылымдарының докторы.

Сәуле Әбішева – Абай атындағы Қазақ ұлттық университетіндегі лингвистика және әдебиеттану кафедрасының меңгерушісі, филология ғылымдарының докторы, профессор.

Қанипа Бітібаева – КСРО Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, ҚР еңбек сіңірген мұғалімі, Шығыс Қазақстан облысы, Өскемен қаласындағы №1 қазақ орта мектебінің мұғалімі.

Бекен Ыбырайым – Қазақтың мемлекеттік Қыздар педагогикалық институтындағы қазақ әдебиеті кафедрасының меңгерушісі, филология ғылымдарының докторы, профессор.

Сейфитден Сүтжанов – Павлодар мемлекеттік педагогикалық институтындағы филология факультетінің деканы, филология ғылымдарының докторы, профессор.

Мәуен Хамзин-Қарағанды «Болашақ» университетінің профессоры, филология ғылымдарының докторы.

Өмірхан Әбдіманұлы – әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетіндегі қазақ әдебиеті кафедрасының меңгерушісі, филология ғылымдарының докторы, профессор.

ПРОФЕССОР В. БАДИКОВТЫҢ ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІ ТУРАЛЫ ЗЕРТТЕУ ЕҢБЕКТЕРІ

Виктор Бадиков:

«Спабисо казахам, Казахстану,
что нас востребовали, что нам да-
вали и дают слово, независимо от того,
останемся мы в его истории и культуре
или же нет!»

(«Необщая тетрадь: Книга про себя
и про всех» // Бадиков В. Книга про
себя и про всех / Сост.: Валентина
Бадикова, Адольф Арцишевский. –
Алматы, 2009. – С. 45-46).

Темірхан ТЕБЕГЕНОВ,

Абай атындағы ҚазҰПУ-дің
қазақ әдебиеті кафедрасының меңгерушісі,
филология ғылымдарының докторы, профессор

зып келе жатқаны мәлім. Дүние жүзі ғалымдарының қазақ сөз өнеріне арналған еңбектер жазу үрдісі желісінде біз Виктор Владимирович Бадиковтың (1939–2008) да елеулі үлес қосқанын айтамыз.

Виктор Владимирович Бадиковтың өмір жолы тұтастай алғанда, Қазақстан тарихының жарқын беттерін құрайды. Оның дүниеге келген мекені – Орынбор облысының Бузулук қаласы. Ол бұрынғы С. М. Киров, қазіргі әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің филология факультетін бітіргеннен кейінгі ғылыми-педагогикалық, әдеби-шығармашылық еңбек жолында танымал әдебиетші ұстаз-ғалым болып қалыптасты.

Көрнекті әдебиеттанушы, әдебиет сыншысы, филология ғылымдарының докторы, профессор В.В. Бадиковтың еңбектері әдеби үдеріс және жеке ақын-жазушылардың шығармашылығына арналған. «Ю.Олеши поэтикасының мәселелері» (1967) тақырыбымен кандидаттық, «Мәтін құрылысындағы авторлық сана және әлеуметтік тапсырыс» (2000) деген тақырыпта докторлық диссертациялар қорғаған. Оның кітаптары, әдеби-сын мақалалары, эсселері мен рецензиялары қазіргі заманғы әдеби үдерістің өзекті мәселелеріне арналғандығымен ерекшеленеді.

Ғалымның әдебиеттану саласында мынадай кітаптары бар: «Поэтика прозы Юрия Олеши» (Олыштын, Польша, 1983). «Мастерство и правда: Литературно-критические статьи» (Алматы, 1989). «На изломе времен: Судьба и голос художника» (Шымкент, 1996), «Авторское сознание и социальный заказ: Запрещенная советская литература 20-х годов» (Алматы: Жеті жарғы, 1997), «Линия судьбы: Творчество Бахытжана Канапьянова в историко-литературном контексте эпохи» (Алматы, Жібек жолы, 2002), «В потоке времени не потерять себя: Литературно-критическое эссе» (Алматы, 2004), «Новые ветры: Очерки современного литературного процесса Казахстана» (Алматы: Жібек жолы, 2005), «Прикосновение брата: Художественный мир Дулата Исабекова» (Алматы: Искандер, 2007), «По гамбургскому счету» (Алматы, 2008). «Книга про себя и про всех: Рассказы,



Планетамыздың бес құрылығындағы алты миллиардтан асқан әлем халықтарының фольклоры мен әдебиеті адамзат ұрпақтарының мыңдаған жылдар бойы рухани өлемін дамыту қызметін атқарып келеді. Сөз өнері – адамзат ұрпақтарына тән адамгершілік қасиеттер ортақтығын, эстетикалық көзқарастар тұтастығын қалыптастыратын қуатты да ықпалды рухани мәдениет қазынасы. Қазақ фольклоры мен әдебиеті де ғасырлар бойы үздіксіз жалғасқан осындай аса пәрменді қызметімен ұрпақтардың көркемдік ойлау дүниетанымын дамытумен, тереңдетумен келеді. Қазақ сөз өнерінің мұралары әлем фольклоры мен әдебиеті құрамындағы поэтикалық үндестіктерімен де, ұлттық-этнографиялық өзгешеліктерімен де даралана бағаланады. Ал, қазақ сөз өнері мұраларының поэтикалық табиғаты туралы Қазақстан Республикасындағы және басқа елдердегі туысқан халықтар ғалымдарының XIX–XX ғғ. және қазіргі XXI ғасыр басында да зерттеп, өз пікірлерін үздіксіз жа-

эссе, воспоминания» (Алматы, 2009) және т.б.

Оның прозалық шығармаларының жинағы да бар: «Эхо жизни» (Алматы: Идан, 2007).

Әдебиеттанушы ғалымның зерттеулері негізінен ХХ ғасырдың 20-жылдарындағы және қазіргі заманғы орыс әдебиетінің поэтикалық мәселелерін саралауға арналған. Осы зерттеулерінде В.В. Бадиков үнемі қазақ әдебиеті ақын-жазушыларының да шығармаларын әдеби үдеріс желісімен және жеке талдауларымен арнайы қарастырады.

XIX–XX ғасырлардағы және қазіргі XXI ғасырдың басындағы қазақ әдебиетінің дамуы желісінде ол Қазақстан тарихындағы мәдениеттер сұхбатының ықпалды тұлғаларын бағалауды басты назарға алады. Хакім Абайдың, Шоқан Уәлихановтың, Ахмет Байтұрсынұвының, Мұхтар Әуезовтің және т.б. көрнекті қайраткер-қаламгерлер шығармашылығының ұлттық және жалпы әлемдік мәдени-әдеби ықпалдастықты дамытудағы қызметіне жоғары баға береді. Қазақстандағы қос тілді ақын-жазушылар шығармашылығының әдеби ағым ретінде қалыптасуы мен даму жолын ғалым өзіндік жүйелеумен бағалайды:

«Можно условно проследить его основные этапы в советское время: зачинатели (Бауржан Момыш-ұлы, М. Джумагулов); старшее поколение (О. Сулейменов, А. Алимжанов, С. Санбаев, Э. Таббасов); среднее (А. Еженова, Р. Сейсенбаев, Б. Канапьянов, Б. Каирбеков, К. Бакбергенов, О. Жанайдаров, А. Кодар, А. Жаксылыков, Д. Накипов, Х. Булибеков); младшая, новая генерация, которую открывали «Простор», «Нива» и Литературный мастер-класс фонда «Мусгагет» под руководством О. Б. Марковой (С. Усенбекова, Е. Аскарбеков, М. Исенов, Е. Жумагулов, Р. Шбинтаев, А. Сабралиева, А. Макаримова и др.)» [1, с. 295-296].

Зерттеуші екі тілді қазақ ақын-жазушыларының шығармашылығын бағалауда «көркемдік билингвизм» («художественный билингвизм») ұғымын қолдануды ұсынады, осы ұғымның аясында өз шығармаларын орыс және ағылшын тілдерінде жазған, кейде өз туындыларын сол тілдерде өзі де аударған В. Набоковты мысалға алады.

Қазақ ақын-жазушылары Мұхтар Әуезовтің, Ә. Нұрпейісовтің, Р.Сейсенбаевтың, қырғыз жазушысы Ш.Айтматовтың, орыс жазушысы В.Быковтың шығармашылығын осы ерекшелік аясында бағалайды.

Зерттеуші әдеби үдерістегі осы даму ағымын қазіргі уақыт талабымен жаңаша бағалаудың өзектілігін атап көрсетеді:

«Однако история казахстанского литературного билингвизма у нас еще не написана, хотя по этой проблеме уже существует значительная литература. Она позволяет в общих чертах представить развитие казахстанского билингвизма в советское время. Но судьбы и творческие устремления его в «критическое десятилетие» независимости РК еще требуют анализа, оценки

и типологии» [1, с. 297].

Әдебиеттанушы ғалым осы өзі ұсынып отырған өзекті көркемдік билингвизм дәстүріне қатысты бірқатар бастамашыл еңбектерін де жазды. Мысалы: «Русскоязычные писатели Казахстана» «литературно-критические заметки»), «Инвективы и перспективы Шуги Нурпейсовой», «Стенография души Бахыта Каирбекова», «Вспоминная забытый язык: формула Б. Канапьянова», «С вечностью – начистоту от имени Герольда Бельгера», «Гневный голос молчания Мурата Ауэзова», «В поисках языка события: О новых филологических книгах Олжаса Сулейменова», «Крик, бегущий по бумаге, – не убий! Дюсенбек Накипов», «Судьбы и крылья: Русскоязычные поэты Казахстана», т.б. Зерттеуші шығармаларына орыс тілінде жазатын қазақ және басқа да халықтар қаламгерлері шығармаларына ортақ көркемдік сипат ерекшеліктерін поэтикалық-эстетикалық заңдылықтар аясында бағалайды. Олардың шығармаларындағы өмір шындығы оқиғаларының тарихилығы, көркемдік жинақтау, ұлттық сипат, лирикалық-психологиялық сарын, көркемдік-бейнелілік, т.б. мәселелер қарастырылған. Ғалымның іргелі зерттеулерінің негізгі нысаны – қаламгер мен билік арасындағы қарама-қайшылықтар болмысын айқындауға негізделген. Мемлекетті басқарып отырған саяси режимнің бақылаушы талаптары шеңберінде суреткер қаламгерлердің көркемдік ойлау дүниетанымы философиялық, психологиялық мағыналар арқылы өмір шындығын жеткізе алатынын дәлелдейді. Бұл орайда, зерттеушінің «Авторское сознание и социальный заказ: Запрещенная советская литература 20-х годов» атты монографиясындағы әр түрлі авторлардың шығармалары бойынша жасаған талдаулары, бағалаулары маңыздылығымен ерекшеленеді. Мұхтар Әуезовтің «Қилы заман» («Лихая година»), Е. Замятиннің «Біз» («Мы»), «Иттің жүрегі» («Собацье сердце»), М. Булгаковтың «Жүгіріс» («Бег»), А. Платоновтың «Чевенгур», Б. Пильняктың «Қызыл ағаш» («Красное дерево»), «Сәнбеген Айдың хикаясы» («Повесть непогашенной Луны») және т.б. шығармаларды талдаулары арқылы нағыз суреткер қаламгерлердің билеуші жүйенің озборлығын әшкерелеуші сипатынан айрылмайтынын, сол арқылы олардың да мәңгілік оқырмандары болатынын дәлелдеді.

Профессордың қазақ әдебиетіндегі көрнекті ақын-жазушылардың шығармашылық тұлғаларына арналған еңбектері (монография, мақала, эссе сұхбат, т. б.) оның әлем өркениеті деңгейіндегі кең тынысты гуманистік дүниетанымын танытады. Өзінің зерттеулерінде әлем әдебиетінің классикалық үлгілері қатарында хакім Абайдың, Шоқан Уәлихановтың, Шекәрім Құдайбердиевтің, Ахмет Байтұрсынұвының, Сәкен Сейфуллиннің, Мағжан Жұмабаевтың, Жүсіпбек Аймауытовтың, Міржақып Дулатовтың, Мұхтар Әуезовтің, Сәбит Мұқановтың, Ғабит Мүсіреповтің, Ғабиден Мұстафиннің және олардан кейінгі толқын ақын-



жазушылардың шығармаларын үнемі зерттеулерін әр түрлі мәселелер тұрғысынан арқау етті. Мысалы, «Пушкин и Ауэзов: Аналогия и сближения» атты эссесінде аталған классиктердің әдеби тағдырларына тән үндестіктен екеуінің де ажалдарының оқтан немесе аурудан болмаған сипатынан тануға болатынын ескертеді.

Екі суреткердің де фәниден ерте кетуіне елеулі ықпал еткен қоғамдық-әлеуметтік жағдай болмысын анықтап айтады:

«Живой Ауэзов, вне слухов и легенд, нам так же дорог, как и Пушкин. И поскольку Ауэзов – один из первых казахских европейцев, точнее евразийцев, его литературная судьба естественно ассоциируется и, может быть, аукается с судьбой Пушкина. Прежде всего в плане извечной проблемы «художник и власть». Александр Блок был пророчески прав, когда утверждал, что Пушкина-художника «убила вовсе не пуля Дантеса. Его убил отсутствие воздуха... Поэт умирает, потому что дышать ему уже нечем... «Так и М. Ауэзова еще не старого и крепкого, убил не болезнь, а власть (система), которая отняла у него «покой и волю, творческую волю – тайную свободу» (А. Блок. Собр. соч. в 8 т. Том VI, стр. 167). И это случилось на глазах моего поколения» [2, с. 75].

Эсседе А.С. Пушкин мен М.О. Әуезовтің өмір кезеңдері мен шығармашылығына тән үндестіктер мен өзгешеліктер тарихи-әдеби тұрғыда баяндалған.

Мұхтар Әуезовтің ҚазМУ-дің филология факультетіне 1950 жылы жаңа оқу жылының басталуына арналған актілік лекциясын тыңдаған әсерін бейнелеп баяндауы да тарихи деректілігімен баурайды. Әсіресе, бір сағат бойы Мұхтар Әуезовтің дәрісін тыңдау барысында ағарту мен мәдениеттің, әдебиеттің, қоғамның рухани дамуындағы ықпалын терең сезіммен қабылдап түсінгенін баяндаған. Көркем әдебиеттің ғасырлар бойы қалыптасып, дамып келе жатқанын және еркін болатынын шынайы қалпында қабылдап түсінгенін жеткізген.

Суреткер жазушы, ғұлама Мұхтар Әуезовтің көпшілік алдындағы сөйлеуіне тән дауыс ырғағын, екпінін мол білім қорын тыңдаушыларына жеткізудегі әсерлі баяндау шеберлігін, т.б. алуан қасиеттерін бағалаулары шынайылығымен маңызды. Зерттеуші сөз арқауындағы А. С. Пушкиннің 1856 жылы Петербург университетіндегі досы П. А. Плетневтің лекциясына келгенде оған студенттердің айрықша ықылас білдіргенін, отандық әдебиет туралы В. Кюхельбекердің, П. А. Плетневтің лекцияларын жоғары бағалағанын, лицейде оқып жүргенде ақын Державиннен бата алғанын, оның И. Репиннің полотносында бейнеленгенін, ақынның үлкен ұлы Александрдың (1833–1914), қыздары Натальяның (1835–1913), Марияның (1832–1919), кіші ұлы Григорийдің (1835–1905) радиодан фонограммаға жазылған дауыстарын естуі арқылы олардың әкесі А. С. Пушкиннің өз дауысын естігендей әсер алғанын баяндайды.

Виктор Владимирович осы мәселені өзінің 1950

жылы Мұхтар Әуезовтің дәріс оқуы кезіндегі дауысын естігенімен үндестіре отырып, суреткердің ұлы Мұрат Әуезовтің әкесіне ұқсаған дауысын тыңдағанын, оның философиялық-әдебиеттанушылық және көсемсөздік кітаптарын («Времен связующая нить» «Иппокрена», «Уйти, чтобы вернуться») оқығанын тебірене әңгімелейді, әлемдік өркениет дәстүрімен өсіп-қалыптасқан қазақ сөз өнерінің көрнекті тұлғаларына да баға береді:

«Для меня он один – из зачинателей, или пассионаров, второго Ренессанса казахской культуры, которые начинали на рубеже 50 и 60-х гг. А. Алимжанов, О. Сулейменов, А. Сулейменов, М. Магауин, А. Кекилбаев, Д. Исабеков, О. Бокеев, Д. Досжан» [2, с. 78].

«Ғабит Мүсіреповтің 100 жылдығына» (2002) («К 100-летию Ғабита Мусрепова») атты шағын мақаласында суреткердің классик жазушы болған әлемге танымал тұлғасын негізге ала отырып, өзіндік поэтикалық түйін жасайды. Оның «Аспанда болған жекпе-жек» («Поединок в небесах») әңгімесінің идеялық-композициялық желісіндегі Лермонтовты дуэльде өлтірген дворян, офицер Мартыновтың шебересі мен қарапайым дала қазағы Мүсіреповтің шебересі арасындағы адамгершілік қасиет туралы пікірсайысы жекпе-жегінің мәнісін оқырман назарына ұсынуын бағалайды. Суреткер жазушы Ғабит Мүсірепов әңгімесінің көркемдік түйіні Мартыновтар оқтарының әлемді аялаушы сұлулық пен қайырымдылықты жоюға бағытталап жатқанын айтады.

Қазіргі қазақ әдебиетінің әлемдік классикалық деңгейі көрсеткіштерінің қатарындағы жазушы Әбдіжәміл Нұрпейісовтің «Соңғы парыз» романы туралы жазған «Тағдыр мен парыз және рух» (Судьба, и долг, и память: Первые впечатления о новом романе А. Нурпейисова») мақаласы да зерттеушінің жаңа ойларымен байыпталған. Роман кейіпкерлері мен оқиғаларының жазушының әйгілі «Қан мен тер» трилогиясының қазіргі замандағы жалғасындай екендігін айтады. Романның мазмұны мен пішіні жүйесіндегі негізгі сюжеттік-композициялық желілердің үш кейіпкердің (Жәдігер, Бәкизат, Әзім) поэтикалық бейнеленуі арқылы сабақтасатынына бағалаулар жасалған. Зерттеуші романдағы аталған кейіпкерлердің әрқайсысының күрделі қайшылықты тағдырлары арқылы өмір шындығының күнгейлері мен көлеңкелерінің шынайылықтары мен жалғандықтарының мол болатындығы дәлелденетінін саралаған. Балықшы Жәдігердің өмір бойы бейнет көрсе де тіршілік қозғалысында бәрінен де айрылған трагедиялық хал-ахуалымен жазушының поэтикалық мағыналармен жеткізу шеберлігі түсіндірілген. Оның тағдырындағы әуелінен, Арал теңізінің тартылуы мен балықтың жоғалып кетуі, одан кейін әйелінен, бала-шағасынан айрылуы, ақырында мұз үстінде өлуі – бәрі де кеңес дәуірінің қиырқы саясатының құрбандығына айналған қарапайым қазақ халқы трагедиясының көрсеткіші. Ал, ірі ғылыми-зерттеу институтының директоры, академик Әзім бейнесі арқылы Арал теңізінің құрғатылып, оның орнына мақта

плантацияларын жасағысы келген, сонау 30-жылдары ұжымдастыру мен тәркілеу арқылы ашаршылық апатын, одан кейін қорғанысты нығайту және ғарышты игеру бағдарындағы ядролық сынақтармен Қазақстан даласын және атмосферасын улаған – сырты «қайраткер», іші бос – қоғамдағы аса қауіпті пенделердің жиынтық келбеттері дәлелденген. Зерттеуші нұрпейісовтік Әзімді леоновтық, Грацианскиймен («Русский лес») салыстыра отырып, Әзім бейнесі арқылы бүкіл адамзатты, табиғатты экологиялық апатты жағдайға ұшыратқандардың типтік болмысын анықтайды:

«Нет, Азим дьявольски жизнелюбив своей микрией и эгоцентризмом. Жизнелюбив потому, что слаб, потому что не знает и не чувствует за собой правды большой непридуманной жизни. Азимы внутренне легко ломаются, потому что их удел быть пресмыкающимися – вовремя менять шкуру или его цвет, уходя от возмездия судьбы. Нурпейсов особенно подчеркивает, что живучесть их феноменальна в силу невозможности полного искоренения в мире зла» [2, с. 52].

Роман композициясындағы Бәкізаттың бейнеленуімен де тағдыры Жәдгермен де, Әзіммен де байланысын, бірақ өзі ақсаған бақыттылық үлесіне қолы жеге алмаған әйел қасіретінің көркемдік шындықпен жинақталу поэтикасын зерттеуші атап көрсеткен.

Ғалымның Олжас Сүлейменовтің шығармашылығына арналған «Сұхбат аңсауы» («Жажда диалога») атты зерттеуінде көрнекті тұлғаның ақындығына, филолог-зерттеушілігіне әр жылдары шыққан кітаптары («Глиняная книга», 1969; «Повторяя в полдень», 1973; «Круглая звезда», 1975; «Азия», 1975; «Определение берега», 1976; «Трансформация огня», 1985; «Избранное», 1986, т.б.) бойынша талдаулар жасаған. О. Сүлейменовтің лирикалық өлеңдері мен көсемсөздік-философиялық поэмаларының жанрлық табиғатына тән фольклорлық-этнографиялық, тарихи-көркемдік жинақтаулардың жалпыадамзаттық гуманизм көзқарастарына негізделгенін бағалайды.

В.В. Бадиковтың жазушы Дүкенбай Досжановпен, («Печали нашего прошлого ждут воздаяния»), ақын Дүйсенбек Нақыповпен («Писатель потерял заказ?») болған әдеби сұхбаттарында қазіргі ХХ ғасыр мен ХХІ ғасырдың тоғысындағы көркем әдебиеттің адамзат ұрпақтары үшін рухани қызмет әлеуетінің өзекті мәселелері сөз болған.

Профессордың тәуелсіз Қазақстанның жаңа тарихын әлем өркениеті кеңістігіне лайықты рухани қазынасын толықтыруына жоғалтқан ұлттық рухани құндылықтарын жаңаша бағалауларға белсене үн қосқаны мәлім. Мысалы, «Нәзір Төрқұлов – кеңес тарихының жүзеге асырушысы және кепілгері» («Назир Тюрякулов – творец и заложник советской истории») атты рецензиялық мақаласына Тайыр Мансұровтың Қазақстанның ХХ ғасырдағы тарихының көрнекті саяси қайраткері, дипломат Нәзір Төрқұлов туралы кітабы (Таир Ман-

суров. Полпред Назир Тюрякулов. Дипломат, политик, гражданин. – М.: «Реал-пресс», 2003г.) негізінде жазған тарихи-әдеби, көсемсөздік толғаныстарының маңыздылығына ерекше назар аударамыз. Жазушы-ғалым, тарихшы-публицист, гуманист зерттеуші қазақ тарихының ежелгі замандардан ХХІ ғасырға дейінгі аралығындағы халықаралық байланыстардың дәнекері болған тарихи қайраткерлердің (Жүсіп Баласағұн (XI ғ.), Ораз-Мұхаммед (XVII ғ.), Төле би, Қазыбек би, Әйтеке би (XVIII ғ.), Ш. Уәлиханов, Ш. Ибрагимов (XIX ғ.), М. Шоқай, Ә. Бөкейханов, Н. Төрөқұлов, Т. Тәжібаев (XX ғ.)) – қазақ және әлем халықтары байланыстарының дәнекері болған қызметтеріне жоғары бағалаулар берген. Қазақ өркениеті қайраткерлерінің әлем халықтарының өзара ынтымақтастық, достық қарым-қатынастарда болуындағы қызметінің тарихи маңыздылығын азаматтық сүйіспеншілікпен бағалайды. Бұл – әдебиеттанушы ғалым, гуманист-ұстаз В. В. Бадиковтың қазақ халқының тарихын, салт-дәстүрін, рухани қазынасы – сөз өнерін сүйген шынайы достық көңілінің тұжырымдары:

«Эти политические и государственные деятели, в том числе ученые и писатели, были «связными» разных народов, государств и культур. В их напряженной, нередко рискованной «службе» проявилась и традиция национального просветительства, восходящего к степным биям и тюре. Так что известные черты национального характера – гостеприимство, красноречие, проницательность – это не просто дань «роскоши человеческого общения», это еще и народная ораторская традиция установления дружбы и доверия в самых разных ситуациях межродового и межнационального общения» [2, с. 159]. Демек, көрнекті әдебиеттанушы ғалым В.В. Бадиковтың Қазақ тарихының мыңжылдықтар белестерінен өткен рухани мәдениеті құндылықтарын да өз шығармашылығына арқау етуі арқылы өзінің әлем өркениеті деңгейіндегі гуманистік дүниетанымы айқындалады.

Қорыта айтқанда, филология ғылымдарының докторы, профессор В.В. Бадиковтың қазақ әдебиеті мен әлемдік сөз өнері дамуы үдерісін сабақтастыра бағалаған еңбектері қазіргі заманғы филологиялық жаңашыл зерттеулер бағдарына үлгі бола алады. Тәуелсіз Қазақстанның жаңа әдебиетін әлем өркениеті кеңістігі аясында қарастыру бағытындағы қазіргі және болашақтағы жаңа ізденістерге ғалымның еңбектері ғылыми-теориялық методологиялық негіз болады. Бұл – ғалым-ұстаздың мәңгілік өмір ұлағатының жолы.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Литература народов Казахстана. – Алматы: НИЦ «Ғылым», 2004. – 352 с.
2. Бадиков В. Книга про себя и про всех: Рассказы, эссе, воспоминания / Сост: Валентина Бадикова, Адольф Арцишевский. – Алматы, 2009. – 300 с.

ҚАЗАҚ ӘДЕБИ СЫНЫ: ТАРИХ ЖӘНЕ ТАҒЫЛЫМ

XX ғасырдың алпысыншы жылдарындағы өнімді де жемісті әдеби процесс ескелең сынды туғызды. Ол заңды да. Себебі, әдебиет бар жерде әдебиеттану ғылымы бар, әдебиет сыны бар. Егер әдебиетке келген сана сілкінісі мен сана серпілісі қоғам келбетіне, сол қоғамды құрайтын адам болмысына философиялық тұрғыдан үңілуді қажетсінесе, соған алғышарттар жасаған қоғамдағы «жылымық» сәт өз әсер-ықпалын әдеби сынға да тигізді. Қазақ әдеби сынының алпысыншы жылдардағы даму өркендеу жолы осынау «жылымық» сәттен бастау алды. Әдеби процесс өнімді де жемісті бола бастады. Батыл, жаңаша көзқарасқа, демократиялық сипатқа негізделген, ұлттық болмысты жарқырата көрсетуге ниеттенген, олқылығымызды толықтыруға бағытталған әдеби сын дүниеге келді. Ол өзінің алдындағы үрдісті сақтай отырса да, қоғамдағы сәл де болса жүріп жатқан өзгеріс, сипаттарға орай жаңаша лепке толы болғанын жоққа шығаруға болмайды.

Алпысыншы жылдары әдеби басылымдар әдеби өмірдің тайқазанына айналды. Газет-журнал беттерінде жаңа шығармалар көптеп көріне бастады. «Жұлдыз» журналының әдеби шолуынан төмендегідей жолдарды оқимыз.

«Журнал редакциясына күнбе-күн көп-көп өлеңдер түсіп жатады. Осы өлеңдердің жарамдылары іріктеліп алынып, журналдың «Жастар дауысы» бөлімінде жарияланғаны оқушыларымызға аян. Жас ақындардың шығармалары сонымен қатар журналдың жеке сандарынан да қағыс қалмай келеді. Болашағынан үміт күттірген жас талапкерлер С. Асанов, Т. Есімжанов, А. Асылбеков (Алматы), С. Қабылбаев (Ақтөбе), Қ. Баянбаев (Талдықорған), Т. Айбергенов (Ташкент) және басқалардың есімдері журнал арқылы жұртшылыққа бірқыдыру қанық болды».

Алпысыншы жылдардағы қазақ әдебиеті барлық жанрларда дерлік дамып, айтарлықтай табыстарға жетті. Мерзімді басылым беттерінде жаңа шығып жатқан кітаптарға пікір білдірген рецензиялар жиі көрініп тұрды.

Т. Әлімқұловтың «Махаббат дастаны» («Қазақ әдебиеті», 11.03.1960, С. Мұқановтың «Мөлдір махаббат» романы туралы), Р. Бердібаевтың «Махаббат пен зұлымдық» («Лениншіл жас», 06.04.1960, С. Мұқановтың «Мөлдір махаббат» романы туралы), Ә. Нарымбетовтің «Балалар әдебиеті жайлы құнды кітап» («Қазақстан мұғалімі», 19.05.1960, Ш. Ахметовтің «Балалар әдебиетінің очеркі» деген еңбегі туралы), А. Нұрқатовтың «Өмір шындығы» («Социалистік Қазақстан», 15.05.1960, Ғ. Мұстафиннің «Дауылдан кейін» романы хақында,) Б. Сахариеттің «Қайта туған роман» («Жұлдыз», 1960, №7, С. Мұқановтың «Мөлдір махаббат» романы туралы), т.б. рецензияларда шағын жанрдың мүмкіншіліктері біршама



Қ. ҚАЛЫБЕКОВА,
ҚарМТУ

көрініді.

А. Шамкенов «Баймұхамбет Тоқтаровтың әңгімелері мен очерктері енген «Суретші» деген кітабына пікір білдірді. Оқушы жұртшылық бұдан бұрын оның «Бақыт жолы» деген алғашқы повесін жылы қабылдаған болатын. Міне, енді жас жазушы оқушысына екінші кітабын ұсынып отыр. Жинаққа кірген он бір әңгіме, очерктердің ішінен уақиға қоюлығы мен көлемі жағынан өзгелерден оқшау көзге түсетін «Суретші» деген әңгімені ерекше атауға болады. Бұл әңгіменің құндылығы сол – автор өмірде кездесетін кейбір жайларды тым асыра сілтеп, мөнерлемей, болмыс тұрғысынан шынайы суреттейді. Яғни, мұнда адамдар тағдыры бар, өмір бар» [1].

Автор кітапқа едәуір сындар айтқан. «Жинақта көңіл толмайтын, сүреңсіз, олқы шығармалар да жоқ емес. Мәселен, «Бір мектептен репортаж» деген очерктің көркемдік сапасы мүлде төмен дәрежеде болса, «Қылжакбаевтың қиялы» деген сатиралық әңгіменің шындыққа жанаспайтын жерлері бар. Газеттерде басылатын жай хабар-мақала тәрізді алғашқы очерксымаққа жинақтан қалай орын берілгеніне қайран қаласың. Әрине, автор кітабының бет санын көбейту үшін кейбір дүниесін көпе-көрінеу тықпалап жіберуі ықтимал ғой, бірақ сонда редактордың қырағылығы, талғамы қайда? Автордың жаңылып, жаза басқан, көрмеген жерлері болса, ескертіп отыру – редакторлардың игі міндеті емес пе? Осы кітапқа бас-аяғы жоқ Стефан Геймнен аударылған әңгіменің енгізілуі де сол баяғы көлем жағын ойлағандықтың әсері.

Тек айта кететін нәрсе, әңгіме етіп отырған осы-

нау жинақты демеп, ұясынан ұшырып жіберуші Есбатыров жолдас та жас жазушының шығармаларына нағыз редакторлық қатал, сын көзбен қараса, кейбір шалағайлықтарды болдырмайтындай мүмкіндік бар еді.

«Қылжақбаевтың қиялы» деген әңгімесінде автордың қандай мақсат көздегені белгісіз. Әлде оны дарынсыз драматург, халтурщик етіп көрсеткісі келді ме? Әлде оңай табыс, жеңіл жолды көрсететін, жемқордың ұсқынын суреттемек болды ма? Немесе астында машинасы бар жауапты қызметті аңсайтын мансапқор біреудің бейнесін жасағысы келді ме? Көлемі шағын әңгімеде автор осы айтылғандардың тым болмаса, біреуін жеріне жеткізе суреттеп ашып беруі керек еді» [1].

Р. Бердбаев белгілі әдебиетші Ө. Қоңыратбаевтың «Қозы-Көрпеш – Баян сұлу» туралы монографиялық зерттеуін жоғары бағалаған.

«...Өткен жылы әдебиеттану саласынан бірталай кітаптар шықты. Оларда арғы-бергі әдебиеттің көптеген жайлары сөз болған; олар – оқушыға тиісінше берерлігі бар еңбектер. Солардың қатарындағы құнды кітаптардың бірі – филология ғылымының кандидаты Әуелбек Қоңыратбаевтың «Қозы-Көрпеш – Баян сұлу» жырына тамаша терең талдау жасаған.

Ө. Қоңыратбаев монографиясының айрықша үш қасиетін алдымен атап көрсетіміз орынды. Біріншіден, зерттеуші алған тақырыбын үлкен ғылыми адалдықпен жан-жақты қарастырған; бұрынды-соңды «Қозы-Көрпеш» жайында пікір айтқан нұсқаларын жиып, бастырған адамдардың бәрінің де еңбегіне тоқталып, шолып өтеді; оқушыға тұжырымды тұтас мәлімет береді.

Екіншіден, автордың терең топшылап тың, соны пікір айтуға, батыл салыстырулар жасауға, қызғылықты, келешегі мол идеялар айтуға қабілеттілігі анық байқалады.

Үшіншіден, ғалымның тіл орамдылығын айту керек» [2].

С. Адамбековтің «Қожанасыр қақпасы» атты сатиралық әңгімелер жинағы да әдеби сында пікір қозғады [3]. З. Бейсенбаевтың [4], А. Нұрқатовтың, т.б. рецензияларында С. Адамбековтің «Қожанасыр қақпасы» оң бағаланды.

А. Нұрқатов былайша баға берді.

«...Қорыта келгенде, «Қожанасыр қақпасы» – негізінен, кейбір әңгіме, фельетондардағы үстірттік, қайталау, құр сезуарлық сияқты кемшіліктеріне қарамастан, өткір, сықақ күлкі ойнап тұрған өзіндік салмағы бар жинақ. Оның оқушы жүрегіне тура жол табуының себебі де осыдан» [3].

Шын суреткер қаламның ғана майталманы емес, сонымен бірге ойдың да ерені болмақ. Суреткерлік пен ойшылдық бір өзінің бойында тұтаса тоғысқан қаламгерлер ғана нағыз ұлы шеберлер бола алғандығы әдебиет тарихынан жақсы аян. Пушкин мен Гогольдің, Горький мен Фадеевтің тамаша көркем шығармалары мен өмір туралы, әдебиет туралы даналық ой-пікірлері де қатар жасап келеді. Олар халықтың өмірімен де мейлінше тығыз байланысты болған, туған елі-жұртының өткендегі, әрі өздерімен тұстас әдебиетін зерттеген. Бұл олардың өз творчествосына да жемісті, игі әсер еткен.

Осының айқын мысалын өзіміздің көрнекті

суреткерлеріміздің творчествосынан да табамыз. М. Әуезовтің әр кездерде жазған сын, зерттеулері ғалым-жазушының «Әр жылдар ойлары» атты көлемді кітабына енген. Бұл кітапта автордың оқушы қауымға әуелден таныс еңбектерімен, мақалаларымен бірге тұңғыш рет жарияланып отырған монографиялық зерттеулері де бар.

Кітап халқымыздың ұлы ақыны Абайдың өмірі мен шығармашылығына арналған көлемді зерттеумен ашылады. Абай туралы тақырып М. Әуезовтың суреткерлік творчествосының ғана емес, сонымен бірге ғалымдық қызметінің де ең өрісті өзегі, үзілмес арқауы екені аян. Зерттеуші Абайдың абайлық қасиет-қадірін, ұлылығын оның өмір кешкен дәуірінің ілгерішіл сипатымен және оның бірден-бір дұрыс, айнымас та адастырмас ақындық бағыт-бағдар ұстанғандығымен байланысты алып қарайды.

Сыншы А. Нұрқатовтың «Жылдар, ойлар» атты шолуында ұлы жазушының осы еңбегінің қадір-қасиеттері кеңінен әңгімеленген.

«Тегінде, Абайдың ақындығындай ақындық қуаты Абайдан бұрынғы ақындарда да болуы мүмкін. Олардың бірталайы тіпті атсыз ақын боп та өткен болар. Сондай ақындардың ғана санасы мен таптық тұрғысында, мәдениеттік дәрежесінде қалса, Абай классик Абай болмас еді. Өзінен бұрын жүз ақын болса, жүз бірінші, мың ақын өткен болса – мың бірінші болып та қалар ма еді. өлде қайтер еді!» – деп түйеді ол. Сөйтіп, зерттеуші Абайды, ең алдымен, өз дәуірінің жемісі, өз заманының үні деп қарайды. Ол осындай диалектикалық принциптен әрдайым танбайды.

Бұдан әрі ғалым Абайды тану жайын азды-көпті сөз етеді, басқа авторлардың ақын туралы үлкенді-кішілі еңбектеріне әділ баға беріп, атап өтеді.

Абайдың өз басы ешқандай мемуар жазбағанын және оның замандастарының қағаз бетіне түсірілген естеліктері жоқтығын ескерсек, онда М. Әуезовтың бұл салада жүргізген еңбегі қаншалықты қиын да күрделі болғанын анығырақ аңдай түсеміз. Ақын жайында ел арасында таралған әр алуан аңыздарды, көрі құлақты жандардың жадында сақталған жайттарды, басқа да сан-сан материалдарды дамыл таппай, тірнекіеп жинай жүріп, зерттеуші Абайдың нағыз ғылыми өмірбаянын жазуды тамамдап шықты» [5].

М. Әуезовтің Абай туралы ұлы туындысын дүниеге қалай әкелгендігі аталмыш еңбекте дұрыс бағаланған. Әрине, алпысыншы жылдарға дейінгі кезеңде бұлай айту еш мүмкін емес еді. Сонымен қатар, санадағы толық мәнінде емес, демократия, яғни қоғамдағы «жылымық» сәттің де толыққанды емес екенін байқау қиын емес. Себебі, бүгінгідей тәуелсіздік заманы болса, Әуезовке үлкен қиындық тудырған нәрсе - әдебиеттің социалистік реализм талабынан, әсіресе, оның таптық принципінен шыға алмағаны айтылар еді.

«Абайдың жас шағында жазған немесе шығарған өлеңдерінің бізге жеткені онша көп емес. Бұдан он шақты жыл бұрын кейбір зерттеушілер сол азды-көпті өлеңдердің авторы Абай екендігіне шек келтірмек те болды. М. Әуезов сондай дұдамал, екіұдай пікірлердің терістігін анық дәлелдей отырып, ақынның жас шағындағы творчествосына тән қасиеттерді терең ашып береді.

А. Нұрқатов «қорыта айтқанда, бұл кітап М. Әуезовтың аса бай творчествосының тағы да бір өнімді өзгеше қырын көрсетеді. Онда үлкен ғалымның сан жылдар бойғы сарыла ізденген, сарқа жұмсаған еңбегінің тамаша жемісі, түбегейлі де терең ойлары бар» [5] – деп, еңбекті жоғары бағалаған.

Аталмыш еңбек сынның зерттеушілік, ғылыми сипатта жазылғанын байқатады. А. Нұрқатов өз мақаласында тым асыра мақтау, жөнсіз дәріптеу емес, салиқалы да сындарлы пікірін айтуға тырысқан. Құндылық жағын айта отырып, сыни сипаттағы пікірлерін де дәйектеп, дәлелдеп жеткізуге тырысқан.

Алпысыншы жылдардың әдеби сынында қаламгердің суреткерлік болмысын тұтастай алып көрсететін шығармашылық портреттер жазушылардан өзгелерден өзгеше өзіндігі, суреткерлік стилі, болмысы көзге ұрып тұруы керек. Сондықтан да бұл жанр автордан қаламгердің өмір жолынан бастап, әрбір көркем туындысынан бастап, оның шығармаларын оқырманның қалай қабылдап жатқанының бүге-шігесінен дейін білуі керек. Жазушының шығармашылығына баға беру үшін оған дейінгі, сол кездегі әдебиеттің жай-күйінен де мол хабардар болу қажет. Сондықтан да сынның бұл жанрында көбіне маман әдебиетшілер ғана бақ сынап алады.

Сонымен, алпысыншы жылдардағы қазақ әдеби сынында шығармашылық портрет әдеби өмірдегі өзіне жүктелген міндеттерді атқару барысында біршама жұмыстар атқарды. Шығармашылық портреттер көбіне белгілі бір ақын-жазушылардың мерейтойлары қарсаңында жиі көрінеді. Осы кездерде Қазақстанда қырғыз халқының ұлы ақыны Тоғалақ Молданың 100 (1960), С. Мұқановтың 60 (1961), М. Қаратаевтың 50 (1961), Е. Ысмайыловтың 50, Ғ. Мүсіреповтің 60, М. Әуезовтің 65, Ғ. Мұстафиннің 60, С. Сейфуллиннің 70, І. Жансүгіровтің 70, Б. Майлиннің 70, т.б. мерейтойлар болып өтті. Осылардың барлығында да қаламгерлердің шығармашылықтары баспасөз бетінде кеңінен насихатталып, қалың жұртшылыққа таныстырылып жатты. Шығармашылық портреті, портреттік очерк, библиографиялық очерк, эссе, монографиялық очерк түрлерінде көрініп, жанрдың жағалауы кеңі түсті.

М. Базарбаевтың «Ғалым сыншы елуде» (Е. Ысмайылов туралы, «Қазақ әдебиеті» 22.12.1961), «Жауынгер жанр солдатты» (М. Қаратаев туралы, «Қазақ әдебиеті», 20.01.1961), Р. Бердібаевтың «Көрнекті сыншы» (М. Қаратаев туралы, «Қазақстан мұғалімі», 19.01.1961), С. Қирабаевтың «Көрнекті сыншы» (М. Қаратаев туралы, «Коммунизм таңы», 20.01.1961), А. Нұрқатовтың «Жемісті жылдар» (Е. Ысмайылов туралы, «Коммунизм таңы», 29.12.1961), М. Дүзеновтің «Өмірі ұзақ өнер» (Ғ. Мүсірепов туралы, «Социалистік Қазақстан», 30.03.1962), М. Қаратаевтың «Көркем сөздің шебері» (Ғ. Мүсірепов туралы, «Жұлдыз», 1963, №3), С. Қирабаевтың «Халық жазушысы» (Ғ. Мұстафин туралы, «Социалистік Қазақстан», 25.12.1962), Т. Молдағалиевтің «Қазақ жырының Ақ Жайығы» (Т. Жароков туралы, «Кітап жаршысы», 15.04.1962), А. Нұрқатовтың «Тахауи Ахтанов» («Кітап жаршысы», 16.08.1962), Е. Өтебаевтың «Ұмытылмас есім» (С. Шарипов туралы, «Жұлдыз», 1962, №7), С.

Сейітовтің «Үлкен суреткер» (Ғ. Мүсірепов туралы, «Қазақ әдебиеті», 30.03.1962), М. Сәрсекеевтің «Ақын бақыты» (Ә. Тәжібаев туралы, «Қазақстан мұғалімі», 28.02.1963), Т. Кәкішевтің «Өшпес тұлға» (С. Сейфуллин туралы, «Жетісу», 23.05.1964), Б. Кенжебаевтың «Алпыс асуында» (Ө. Тұрманжанов туралы, «Қазақ әдебиеті», 19.12.1964), А. Нығметовтің «Көрнекті ғалым (Б. Кенжебаев туралы, «Қазақстан мектебі», 1964, №10), Ж. Бектұровтың «Дала тұлпары» (І. Жансүгіров туралы, «Жетісу», 18.04.1965), З. Қабдоловтың «Азамат ақын» (А. Тоқмағамбетов туралы, «Социалистік Қазақстан», 17.09.1965), «Теніз жаршысы» (Ә. Сәрсенбаев туралы, «Жұлдыз», 1965, №10), Б. Тоғысбаевтың «Әңгіме майталманы (Б. Майлин туралы, «Жетісу» 23.07.1965), М. Әлімбаевтың «Аяулы азамат, ақылды қаламгер» (М. Иманжанов туралы, «Лениншіл жас», 08.12.1966), З. Қабдоловтың «Үлкен жолдың үстінде» (Х. Ерғалиев туралы, «Социалистік Қазақстан», 28.10.1966), Т. Молдағалиевтің «Алатаудың алып ақыны» (Жамбыл туралы, «Жетісу», 01.03.1966), т.б. сияқты мақалаларда қазақ әдебиетінің елеулі өкілдерінің шығармашылығы мен өмір жолдары оқырмандарға кеңінен таныстырылып жатты.

Ақын-жазушылар жазған мақалаларда шығармашыл тұлғаны жанды көрсету мақсатымен оның болмысындағы сипатты қасиеттерін жекелеген деталь эпизод сияқты көркемдік тәсілдерін қолдану арқылы жеткізу орын алды. Мұндай мақалаларда қаламгердің бүкіл шығармашылық салмағын саралау жағы жетіспей жатқандай болды. Ал, енді сыншылар жазған шығармашылық портреттерде жазушының шығармашылық жүгін толық көрсететін сала құлаш тізімдерге көбірек орын беріп, оның есесіне жанды баяндау жағы ақсаңқырап жатты.

Қорыта айтқанда, алпысыншы жылдардағы әдеби сын әдебиеттану ғылымының басқа салаларымен бірлесе отырып та кең ауқымды жұмыстар атқарды. Атап айтқанда, өткеннің әдеби мұрасын игеруде қыруар жұмыстар жасалды. Сонымен бірге әдебиеттің теориясына, әдеби мұраны игеру мәселелерінде біршама ілгерілеушіліктер болса да, іркілістер болғанын да жоққа шығаруға болмайды. Бұл орайда санаға сіңген, ұлт болмысына күштеп тағылған кеңестік идеологиядан туындайтын маркстік-лениндік әдіснама, социалистік реализм ұғымдарынан бір-ақ сәтте арылу мүмкін еместігін де еске алғанымыз абзал. Қалай болғанда да, аталмыш кезеңнің қазақ әдебиеттану ғылымы тарихында, сын тарихында алар орны қомақты.

Қолданылған әдебиеттер:

1. 1960 әдеби жыл туралы // Жұлдыз. – 1961. – №5. – 69-71-66.
2. Қирабаев С. Лирикалық поэзияның кейбір мәселелері. – Алматы, 1983. – 23-26-бб.
3. Тәжібаев Ә. Сәт сапар // Қазақ әдебиеті. – 1960 – №18. – 12-16-бб.
4. Ыдырысов Т. Көркем очеркті биік сатыға көтерейік // Жұлдыз. – 1962. – №5. – 26-28-бб.
5. Қаратаев М. Сеніммен, сезіммен // Қазақ әдебиеті. – 1960. – №9. – 46-48-бб.

ҚАЗАҚ ПОВЕСІ: КӨРКЕМ УАҚЫТ ПЕН КЕҢІСТІК АЯСЫНДАҒЫ АДАМ КОНЦЕПЦИЯСЫ

XX ғасырдың алпысыншы-жетпісінші жылдары ұлттық әдебиетке келгендер қатарына Ә.Кекілбаев, Қ.Жұмаділов, Д.Исабеков, М.Мағауин, О.Бөкеев, Т.Әбдіков, С.Мұратбеков, Ә.Сараев, Қ.Ысқақов, Ә.Тарази, т.б. жатады. Аталмыш қаламгерлер жоғарыда біз көрсеткен нақандық саяси шаралардың куәсі болған жоқ, олар соғысты көрген жоқ. Олардың әдеби процеске араласқан тұсы – кеңестік қоғамда сәл де болса «жылымық» сәт үстемдік құрып тұрған кезең. Өмір мәңгі-бақи осылай боп тұрғандай, жариялылық, демократия элементтері баяғыдан бері осылайша салтанат құрып тұрғандай қазақ қаламгерлері ұлттық әдеби процеске үлкен де ауқымды проблемаларды тақырып ретінде ала келді.

Көркем әдебиеттегі адам концепциясы – нақты туындыдағы тақырыптық-идеялық ерекшелік сипаттары. XX ғасырдың алпысыншы жылдары әдебиетке араласып, басты-басты туындыларын жетпісінші, сексенінші жылдары дүниеге келтірген жоғарыда аттары аталған қазақ қаламгерлері негізгі проблема, идея етіп, өз шығармаларына адам концепциясын таңдап алған еді. Себебі, әлемдік әдебиеттің алдында осынау мәселе айрықша проблема ретінде күн тәртібінде тұрған еді. Ең бастысы қазақ қаламгерлерінің санасында сілкініс пен серпіліс пайда болды. Көркем туынды адам атты жаратындыны бұрынғыдан да терең зерттеуге кірісті. Шығарма адам жанының көзге көрінбес, көңілге білінбес терең қалтарыстарына зерделеу жүргізуді бастады. Осынау талпыныстың бүгінгі таңда әдеби ағымға айналғаны, қулашын әдеби процеске кеңге жайғаны баршаға мәлім. Яғни, өткен ғасырдың алпысыншы жылдарынан басталатын ұлттық әдеби тарихы жемісті кезеңнің бастау кезінде тұрғанын айрықша айтуға тиіспіз. Жемісті кезең түрлі ізденістер ала келді. Ұлттық әдебиетіміздің стильдік, жанрлық ізденістер көкжиегі кеңейді. Көркемдік-эстетикалық өре-деңгей биіктей түсті. «Алыптар тобы» аталған классиктердің игі дәстүрін аталмыш топ тиімді түрде жалғастыра алды, сонымен бірге өздері де аса өткір проблемаларды шығарма өзегіне арқау етті.

Д.Исабеков, Қ.Жұмаділов, Т.Әбдіков, М.Мағауин шығармашылық әңгіме, повесть жанрынан бастаған екен. Повесть - үлкен прозаға барар жолдағы қажетті шеберлік баспалдағы. Себебі, Д.Исабеков, Қ.Жұмаділов, М.Мағауин, Т.Әбдіков, О.Бөкеев сияқты 60-70 жылдары әдебиетке келген басқа да қазақ қаламгерлері шығармашылық жолын әдебиеттің шағын жанрлары - әңгіме, повестен бастады.

«Иә... Ол жұлдыздар мәңгілік! Олар мәңгі жасайды. Бұдан сан миллиард жылдар бұрын тап осылай жымылдап тұрған, әлі тұр. Бұдан кейін де тұра бермек. Олар сан жетпес ұлы оқиғалардың куәсі. Ой! Олар қандай бақытты еді, шіркін! Ал, біз ше? Елу жыл, мейлі жүз жыл бола-ақ қойсын, тіпті кісі күлерлік үлес емес



Қ. ХАМЗИНА,
ҚарМТУ

пе? ... Елу жыл! Кейбіреулер аспан астындағы тіршіліктің қыры мен сырына қанықпай жатып-ақ қыршын кетеді. Елу жыл! Бұл не? Міне, мына жапырақтар төбемізден төгіліп тұр. Елу жылда осындай жапырақтарды елу-ақ рет көресің, елу-ақ рет қар басасың. Сол да үлес пе? Адамға келгенде жомарт табиғат қандай сараңдық жасаған еді! Ал, жұлдыздар!.. Олар бақытты!..

Бұл - Д.Исабековтің «Пері мен періште» повесіндегі Сафураның толғанысы. Адам өмірі жайлы, ондағы уақыттың маңызы жайлы, қаһарман толғамы бұл. Сафура бұл пікіріне кеше немесе былтыр неге келмеген? Адамға келгенде табиғат жарықтықтың соншама сараң екенін кейіпкер неге бүгін ғана пайымдаған? Және жан әлеміндегі осынау сырды неге Сапармен ғана бөліседі? Сафура мен Құлахметтің немесе Сапардың, басқа да кейіпкерлердің сөйлеген сөзін, пейіл-пиғылын, іс-әрекетін, өмірге деген көзқарас-танымын көрсете отырып, автор адам концепциясына батыл барлау жасайды. Адамдар әр түрлі. Мінезі де, пиғылы да, сөзі де... Автор сол арқылы дүниедегі ең күшті де құдіретті, тылсым да жұмбақ Адам деген жаратындының барша болмысына суреткерлікпен, зерделікпен үңіледі.

«Сен мені тыңда. Сапар, шын ықыласыңмен тыңдашы. Мен - әйелмін. Және, жаман да емес сияқтымын. Мен өзге біреуді сүйе аламын, өз күйеуіме адал болуға да шамам жетеді. Осы кезге дейін адал болдым да. Мен оны, Құлахметті айтамын, барынша аяп келдім. Бүкіл өн

бойымдағы қабілет пен жүректегі сезімді сарқылып қалған күннің өзінде де қос қолыммен аямай сығып, қақтай пайдаландым. Енді ол да таусылды. Кейде өзіме-өзім сұрақ қоямын. Не білдім, қандай қызық көрдім мына жалғаннан? Жас шағымда оқи алмадым – білімім шамалы, жар сүйоден жолым болмады, малына киініп, жарқырап та бір жүрген емеспін. Жас кезімде бақытты екенмін. Иә, сол кездегі қайғының өзі бақыт қой. Тез ұмытасын. Өйткені, бар үмітің ертеңгі күнде. Ал, менің жасымда бәрі уайым, бәрі қайғы. Тіпті, есіктен күнде сығалай берген бақыттың өзі қайғыға айналып кетеді. Алдында не бар? Ол да алақандағыдай ап-анық. Сүреңсіз, күйкі тіршілік. Ертеңгі ататын таңың бүгінгі батқан күннен бір де бір айырмашылығы жоқ. Мен оны аяймын, иә, өте аяймын. Бірақ, жалғыз ғана аяушылық жарасымды өмір сүру үшін аз ғой, мүлдем аз ғой! Жарайды, мен онымен мәңгілік бірге қала қояйын, одан не түсті? Бәрібір сол тұрмыс, сол қарекет емес пе? Менің онымен мәңгі тұруым екеумізге бақыт әкеле ала ма? Ол да, мен де күлкісіз, жылусыз ғұмыр кешеміз. Екеуміз де бірдей бақытсыз болғанша, біріміз неге бақытты болмаймыз?».

Сафура – повестің бас кейіпкерінің бірі. Оқиға бірінші жақтан, яғни Сапардың баяндауымен өтіп жатса да және Сапар – Сафура – Құлахмет бейнелері үш таған тәріздес болып, шығарманың басынан аяғына дейін оқырман назарында болса да, Сафураның жетекші қаһарман екендігі еш дау тудырмаса керек. Себебі, Сафура – өмір жайлы, ондағы уақыт пен кеңістік жайлы өзгелерден бұрын айрықша толғанысқа берілген жан. Сафура – ащы да болса шындықтың бетіне тура қарай алатын адам. Сафура – ешкім ойлап таппаса да, адамдар санасында берік орын алып, біртін-біртін мораль нормасына айналған көптеген қағидалармен мінез-құлқы, іс-әрекеті, пиғыл-пейілі, таным-талғамы сәйкесе бермейтін адам. Сол нормалар тұрғысынан келсек, Сапар мен Құлахмет тұлғаларына қарағанда, Сафура тәуір адам емес. Алайда Сафура – бірбеткей жан, батыл адам. Жоғарыдағы толғанысты екінші бірі айта бермейді. Адам баласы ақыл, есі кіріп, ат жалын тартып мінгеннен бастап, өлім сағаты соққанға дейін мықтап киген бет пердесін еш уақытта шешкісі келмейтіні мәлім. Ал, Сафура шешті. Адам онсыз да қамшының сабындай келте ғұмыр кешеді екен, ал табиғат мәңгілік өмір сүреді. Уақыт пен кеңістік те шексіз. Ал, дүниедегі ең күдіретті, ең күрделі, ең күшті Адам неге қысқа ғана ғұмыр кешпек? Мәңгілік деп есептелетін табиғаттың өзін де жаңғыртатын да, жасартатын да, аялайтын да, керісінше, қажет болса бүлдіретін де сол адам емес пе? Сафура-Құлахмет те, Сапар да ешуақытта айтпаған және айта да алмайтын болмыс шындығын баршаға Сапар арқылы жария етіп тұр. Сафураны ашындырған, уақыт пен кеңістікке философиялық баға бергізген жағдаяттар сол өмірдің өзінен алынған. Ол толғаныс – тек Сафураға ғана тән емес, автор – Д.Исабековке де тән.

Адам концепциясына тереңірек үңілу оны осындай қаһармандарды жасауға, әсіресе, контрастка толы үш түрлі кейіпкерді сомдауға итермелеген. Уақыт жайлы, адам өмірі жайлы философиялық толғамға берілген Сафураны ешкім де бірден кесіп-пішіп кінәлай алмайды немесе бірден ақтай да алмайды. Себебі, Сафура – тек орталық қаһарман ғана емес, сонымен бірге күрделі де қаһарман. Құлахметтің оны еш жамандыққа қимауы, өзіне

орасан зор қатігездік жасаса да, өлім, түгілі, өкпеге де қимауы көзқарас алшақтығында ғана емес, уақыт пен кеңістікке мейлінше батыл, мейлінше қаймықпай қарай алатын Сафура мінезінің өзіне дарымағанынан. Сапар ше? Басында Сафураны мейлінше кінәлап, жазғыра алған осынау азамат нәліктен ғана көп ұзамай-ақ сол Сафураға ғашық екендігін іштей мойындайды? Міне, осынау «негелер» авторға да адам концепциясына, сол арқылы әлем картинасына үнілуге мүмкіндік берген.

«Уақыт – диірмен, адам бидай. Диірмен айналса, бидай ұн болады, айналмаса жаншылып жата бермек. Суы тартылған арықтың диірменіндей бұл ауылдың үстінен төнген уақыт-диірмен тым баяу айналып, адам -бидайларды ұн қып тартып жібергеннен гөрі, салмағымен езіп жатқаны молырақ секілді» немесе «Міне, анау мұнартып жатқан – мен туған ауыл. Ол ауылды кезінде жұрт әр түрлі атайтын. Біреулер «Кішкентай ауыл» деп, біреулер «Әумесерлер ауылы» деп атады. Ал, баз біреулер «Демесін ауылы» деп айдар тақты. Қалай болғанда да, бұл ауыл ешбір ауылға ұқсамайтын еді, сондықтан да оның атын естіген адам елең етпей жайбаракат қалмайтын. Адам баласының бәрі бірдей туылып, әркім әр басқа өледі». Бұның алғашқысы – қаламгер Д.Исабековтің уақыт категориясына қатысты өзіндік ой-толғанысы, соңғы үзінді - сол «Тыныштық күзетшісі» повесіндегі оқиға өткен негізгі кеңістікке қатысты автор салған суреттер. Екі ұғым – уақыт пен кеңістік, Бахтин өсиет еткендей, тығыз бірлікте, органикалық байланыста алынып тұр. Қаламгер идеясы бір ауыл адамдарының соғыс кезіндегі қам-қарекетін суреттеу арқылы жалпы адамзаттық проблемаларға құлаш ұрғысы келуі негізінде, яғни жалқыдан жалпыға формуласы алғашқы кезекке шыққан, себебі, адамдар бірдей, бірдей туылды, өлуі ғана әр басқа. Біреулер бұл пәни жалғаннан еш қиындық көрмей, бақиға аттанып жатады, біреулер өмір-бақи тағдырына риза болмай, біреуді қарғап-сілеп жатады. Біреулер өзін бақыттымын деп есептейді, екінші біреулер өзін ешуақытта бақыттымын деп есептемейді. Бұл сұрақтар адамзаттың тарихында ең ойшыл деген танымал тұлғаларды да ойлантқан, толғанды. Бір ғана Сапар ақылға та, оның қалдырған мұрасы көп нәрсені аңғартқандай.

Уақыт және кеңістік ұғымдары аясындағы адам концепциясына үңілу арқылы әлем концепциясын түйсінуге бет алған Дулат қаламгер көкейіндегі қыруар сұрақтарға жауап іздеп қана қоймай, белгілі дәрежеде философ міндетіне еніп, төмендегідей тұжырым жасаған: «Хан да өткен, қара да өткен, қайыршы мен бай да өткен, данышпан мен ақымақ та өткен, сөйтіп барып бәрі-бәрі ана дүниеден әділет тауып, бәрі бірдей кәдімгі қаңқа сүйекке айналған адамдар енді ғана теңелгендей топырақ көрпелерін қымтай жауып, қыр басындағы «енді бәрібір» жалғанның құшағында ұн-түнсіз жатыр. Сол кү сүйектерді суырып алып, олардың бойын, салмағын, бет-әлпетін, тіпті, ұлтын да ажыратуға болар, бірақ кім ақылды, кім данышпан, ешкім біле алмақ емес. Өйткені, оның енді қажеті жоқ, ал ана дүние олардың кім болғанына пысқырып та қарамайды».

«Тыныштық күзетшісінің» бас қаһарманы – Демесін. Өмірді алуан түрлі қайшылығымен, кереғар тартысымен, түсініксіз көптеген жайттарымен шынайы түрде кескіндеуге ұмтылған Д.Исабеков өз қаһарманын да сондай кереғар, қарама-қайшы, бір қарағанда өте түсініксіз

әрі қорқынышты фонда алған. Өмір қайшылыққа толы, кереғарлыққа толы. Ол біреудің іңкәрлік сезімін оятады, біреуге қорқыныш ұялатады. Демесін – қайшылықты тұлға Алайда, автор оны тыныштық күзетшісіне айналдырған. Неге? Демесін сау да адам емес қой. Ол, ауыл адамдарының пікірінше, делікүл, жынды, қояншық, майданнан кемтар болып, «контуженный» болып оралған, қияли, есерсоқ, кісіні еш шімірлікпей ана дүниеге агтандыра салатын қаныпезер. Өмірдің қыруар кереғарлыққа толы екенін бағамдаған автор шағын ғана кеңістікті, яғни туған ауылды, оның төңірегін күнтүн демей қызғыштай қорыған, өмір-бақи тыныштық деген ұғымға құл болып өткен Демесіннің аузына ол кісі қолынан ажал тауып, өлгелі жатқанда мынадай сөздер салады: «...соғысты өлтіріп болып үйленермін деп едім, мақсатыма жете алмадым... қайтейін, қош болыңдар».

Демесін – жер бетіндегі қиянатқа, қысастыққа, зорлық пен зомбылыққа, адам қаны судай шашылар соғыс атты тажалға өзгелер сияқты тек лағнат айтушы ғана емес, сонымен бірге сол зұлматпен күреске белсене шығушы. Авторлық идея ұлттық болмыс ерекшелігімен суарылған. Соның нәтижесінде толыққанды адам концепциясын жасауға ұмтылған автор есі бірде кіріп, бірде шығатын қарапайым азаматты аса биік деңгейге көтерген.

Демесін – қазақ. Авторлық концепция жалпы адамзаттық проблемаларды осы Демесін бейнесі арқылы көтерген. Адам болмысына қажет нәрсе – тыныштық, ұрпақ өсіру, бала сүю, оның қызығын көру. Өсіресе, қазақ ұғымында ұрпақ жалғастығы, шаңырақтың отын сөндірмеу айрықша орын алатыны мәлім. Адамға ең қажетті нәрсе – бейбіт, мамыражай өмір тек тыныштық аясында ғана жүзеге аспақ. Тыныштық – гуманизмнің серігі. Гуманизм – «человекалюбие», яғни адамды адамның сүюі. Осы тепе-теңдік неге бұзылды? Неге жер бетіндегі тегі біреу болып келетін адамзат баласы бір-бірімен қан майданда алысып жатыр? Адам қандай қоғамның болса да негізгі байлығы емес пе еді? Ендеше, оларға не жетпейді? Білімді деген, өре-деңгейі биік деген небір танымал саясаткерлер қиянат жолының ауыр екенін шынымен-ақ түсінбегені ме? Авторлық идеясымен Исабеков прозашы қарапайым азамат, онда да ақыл-есінің өзі дұрыс емес Демесін бейнесіне жалпыадамзаттық, бүкіләлемдік проблемаларды сифыза алған.

Қаламгер еңбегі – азапты еңбек. Ол өз кейіпкерлерінің басындағы қыруар оқиға, құбылысты жұдырықтай жүрегімен қабылдайды. Ол бір емес, бірнеше қаһарманның басындағы сырға қанығады. Ауырлықты да, азапты да сол кейіпкерлерімен бірге бөліседі. Өмір, жазушының пешенесіне жазылған қилы тағдыр оны әрі тарихшы, әрі философ, әрі шешен, әрі ойшыл етіп қалыптастыратыны жөне мәлім. Д.Исабеков сияқты қаламгер де, санасында пісіп, әбден толғағы жеткен жайттарды өз кейіпкерлері арқылы өзгеге жеткізуге талпынады.

Көркем әдебиеттегі көркем уақыт пен кеңістік дегеніміздің өзі қаламгердің дүниетанымы мен эстетикалық ұстанымында берік орын алған айрықша бір суреттің, сәттің, құбылыстың уақыт шаңына көміліп қалмай, аз да болса кідіріске ұшырауы. Яғни, оқырманға эстетикалық ләззат сыйлауы. Өз ауқымына қаламгердің эстетикалық ізденісін, туындының көркемдік әлемін

сыйғызатын көркем уақыт пен көркем кеңістікті жан-жақты талдауға мүмкіндік беретін проблема - шығармадағы адам концепциясы. Оған деген қаламгердің қарым-қатынасы, авторлық позициясы. Автордың адам концепциясына назар аударып, айрықша көңіл бөлуінің сыры да осында, ол жалқы сияқты боп көрінетін ұғымдарды түрлі жағдай – құбылыстар ауқымында көрсетуге тырысқан, ал, тереңірек үңілсек, жалқылық ұғымына жалпылық мағынаны сыйғызуға ұмтылған авторлық мақсат-идея бірден байқалады деуіміз қажет. Жер бетінде Адам деп аталатын тіршілік иесінің төрт миллиардтан астамы ғұмыр кешеді екен. Саусақтарының таңбасы бір-біріне ұқсамайтыны секілді адам атты жаратындының да пиғылы, мінез-құлқы, таным-түйсігі де бір-біріне ұқсамайтыны әлдеқашан дәлелденген. Алайда, сол адамдарға ортақ болып келетін тағдыр атты ұғымның қыр-сырына үңілу, жіті көзбен барлау, зерттеу – қаламгердің басты міндеті. Міне, Д.Исабековтей суреткердің өз шығармаларында осындай миссияның үдесінен шығуға ұмтылғанын аңғару қиын емес. Оның барлық шығармаларында адамдардың қарапайым қарым-қатынасынан жалпы адамзатқа көп реттерде ортақ болып келетін жағдаят-құбылыстар туындайды. Адамгершілік атты ұғымның тек адамға ғана тән қасиеттер екенін сезіне отырып, жазушы ол проблеманы жалпыадамзаттық деңгейге көтеруге тырысқан.

Мәселеге осы тұрғыдан келіп, XX ғасырдың 70-80 жылдарында өздерінің әңгіме, повестерімен танымал бола бастаған Д.Исабеков, Қ.Жұмаділов, Т.Әбдіков, М.Мағауин шығармаларын көркем уақыт пен кеңістік аясындағы адам концепциясы биігінен байқауға болады. Ең басты мәселе – аталмыш қаламгерлер адам мен адам, адам мен қоғам, адам мен табиғат қарым-қатынасын өз повестеріне арқау етіпті. Көркем уақыт пен кеңістік аясындағы жетекші тұлғаның өз шығармаларында әбден дараланып, сомдалуына айрықша назар аударыпты. Әр қаламгер нақты уақыт пен абстрактылы уақытқа, тарихи уақыт пен мифтік уақытқа, сондай-ақ нақты кеңістік пен абстрактылы кеңістікке көңіл бөле отырып, олардың тығыз байланысына, органикалық бірлігіне кешенді түрде зерделеу жүргізіпті. Қазақ қаламгерлері соның ішінде проблемалар ауқымында жалпылама болса да біз тоқталып өткен Д.Исабеков адам концепциясына айрықша назар аудара отырып, сол арқылы әлемді тану мәселесімен шұғылданыпты.

Қандай шығарма болса да ондағы кейіпкердің келбеті қаншалықты дәрежеде кескінделгені көп жайтты аңғартады. Кейіпкер – шығармадағы басты тұлға.

Әдебиет – ұлттық болмыстың өре-деңгейінің көрсеткіші. Оның, оны жасаушы ақын-жазушының өз халқының перзенті екендігі, өз ел-жұртының өркениет биігінен көрінуіне айрықша ықылас танытып, еңбек сіңіретіні мәлім. Олай болса, біз қарастырған кезеңдегі қазақ қаламгерлері повестерінің көркем уақыт пен кеңістік аясындағы эстетикалық таным, талғамы осындай екен.

Қолданылған әдебиеттер:

1. Исабеков Д. Екі томдық таңдамалы шығармалар. Т. 1. Алматы, 1993ж.
2. Исабеков Д. Екі томдық таңдамалы шығармалар. Т. 2. Алматы, 1993 ж.
3. Әзиев Ә. Қазақ повесі. Алматы, 1989 ж.

МАҢЫЗДЫ САРЫН

1917 жылға дейін «Этнографическое обозрение» басылымында бірнеше типологиялық зерттеу мақалалары жарық көрген. Атап айтқанда, 1890 жылы В.Ф.Миллер «Кавказские сказания о циклопах», 1891 жылы Н.Остроумов «Новые варианты о Полифеме. Киргизские рассказы», 1894 жылы Г.Н.Потанин «Греческий эпос и ордынский фольклор», 1915 жылы Л.С.Берг «Киргизские сказания о циклопах», т.б. зерттеулер жариялаған. Бұлардың бәрінде фольклорлық маңызды сарын – Төбекөздің жалғызкөзі талданған.

Рас, қазақта «көз тиді» деген ұғым бар. Осы сөздің мағынасы қазақ және антикалық Полифем мен Төбекөз образдарын салыстыру барысында анықталады. Өйткені, Төбекөзде – көздің фетиштік қызметі жақсы сақталған. Ежелгі гректер үшін де бұл өзекті болған. Мәселен, Паллада Афинаның көзі жабайы әрі магниттей тарту күші ерекше болған, ал, Медуза – горгонның көзі түскен нәрсенің бәрі тасқа айналған. Ал, киклоптардың бір көзі екі көздің қызметін атқарған. Аргустың бүкіл денесі көз болғандықтан, көріпкел болған, ол өлген соң оның көзін Гера өзінің қасиетті құсы – тауыстың құйрығына орнатқан. Сондықтан, архаикалық фольклорлық түсінік бойынша көз – фетиш болғандықтан, киклоптың жанды жері – сол. Жанды жеріне зақым келген соң ол, әрине, өледі. Ғылымда ежелгі нанымдардың қайсысы бұрын шықты дегенде, алдыңғы орынға анимизмді қояды, бірақ бұл туралы ойлану керек. Әлдебір заттың жаны бар деп тану, жалпы жан туралы түсінік кейін шыққан сыңайлы. Алдымен ол зат жаны бар деп танылу үшін қасиетті саналуы тиіс, ал, қасиетті деп тану фетиш туралы түсінікпен сабақтас. Осылай ойлағанда ежелгі нанымдар арасында фетиш анимизмнен бұрын пайда болған. Кейін сол қасиетті саналған заттың жаны бар деген түсінік жеке анимизм туралы ұғымды бөліп шығарады. Бұл тұрғыда монофункцияның полифункциядан бөлініп шығатыны сияқты тәсіл қолданысы да осы ойды қуаттай түссе керек. Көз қалайша фетиш болады деген сауалдың тууы заңды. Полифемнің маңдайындағы жалғыз көзін Күннің атрибуты деп қарауға болады деген пікірді антикалық мифтерді зерттеуші Я.Э.Голосовкер «Логика мифа» деген кітабында жазған.

«Қорқыт Ата кітабында» Төбекөзге пері анасының:

– Ұлым, саған оқ өтпесін, тәніңді қылыш кеспесін, деп, баласының саусағына жүзік салуын [1. 178-б.] темірден жасалған заттың магиялық күші бар деген түсінікпен қабылдау шектеулі ұғым болады.

Жүзік сарыны шешен мәтінде де сақталған. Мұндағы кейіпкердің аты – Парчо. Бірақ оған жүзікті шешесінің бергені туралы айтылмайды. Бұл мәтінде оның көзінің күйі мен оны өлтірген кейіпкердің қой терісін жамылып, құтылу тәсілі көп халықтың фольклорына ортақ. Айламен құтылған жіпті ұстаудың амалы ретінде Парчо оған жүзігін береді. Жігіт ол жүзікті саусағына кигенде одан дыбыс шығады, сол дыбыс арқылы оны ұстап алмақшы

Риза ӘЛМҰХАНОВА,

М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының жетекші ғылыми қызметкері, филология ғылымдарының кандидаты.

болып солай қарай жүреді. Жігіт жүзікті саусағынан алайын десе, ол шықпайды. Ақыры, саусағын шауып тастап, лақтырып, қашып құтылады [2, с.123].

Моңғолдың «Гесер» шығармасында да магиялық жүзік сарыны бар [3, с.131]. Демек, орта ғасырларда жүзік сарыны архаикалық маңызын жоймаған. Ал, түріктерді халықтардағы нұсқаларда Төбекөздің магиялық сипатын жүзік сарыны бойынша зерттеп көргенде оның оғыздар бірлестігінде маңызды сарын болған деп қорытынды жасауға болады. Өйткені, тек темірден жасалғаны ғана емес жүзіктің дөңгелек пішінде болуының да елеулі әсері бар. Жүзік – Күн культінің символы. Мифологиялық тұрғыдағы құбыжықтар Гаядан туған, бірақ олардың Бронт, Арг, Стероп болуының өзі күннің күркіреуі найзағай деген мағынаны білдіріп, табиғат стихиясымен дегеннің өзінде де олар Күнмен байланыстылықты білдіреді.

Замандар ауысып, Күн культі әлсірей бастағанда мифтік құбыжықтарға тән тұтас денесімен стихияны танытатын алдыңғы буын өкілдерімен салыстырғанда жалғызкөзі ғана маңызды болып қалғаны Одиссей кездескен Полифемнің ертегілік бейне болу жолын танытады.

Төбекөздің қолға түскен «олжасы» — адамдарды өз үңгіріне кіргізген соң оттың шоқтарын жайғастыра бастайтыны бекер айтылмаса керек. Ежелгі түсінік бойынша от Күннің жердегі ұшқыны деп қабылданғандықтан, бұл да Күннің символы, Төбекөздің маңдайындағы жалғызкөзі де жарқырап тұрған Күннің белгісі іспетті.

Пері бейнесі фольклорда әр түрлі сипатта көрінеді. Соған қарамастан оны өзге әлемнің өкілі деп қабылдау да бар. Әйтсе де, Европа мен Азия халықтарының фольклорында жиі кездесетін перінің аққу құсқа айналып, адамның жары болу сарынына мән берген В.М.Жирмунский оны тотем ананың қызметінен қалған белгі ретінде атағаны [4, с.600] құптарлық. Солайша Төбекөзге магиялық сипаттағы жүзікті беруші перінің ізгі ниеттегі бейне екені анықталады. Бұл да Төбекөздегі ерекше заттардың анаеркі дәуірінде туған көне сипатта екенін айғақтай түседі. Зерттеу барысында түркілік Төбекөздің Полифемге қарағанда архаикалық образ екені дәлелденеді.

Одиссейге қатысты не жүзіктің, не қылыштың магиялық қасиеті айтылмай, тек адам есіміне ғана орын алуы ежелгі гректер үшін төл сюжет болмауымен байланысты сияқты. Яғни, сюжет оларға жеткенше деградацияға түскен болуы керек. Мұны кейіпкерлерге жүктелген қызмет бойынша да анық көруге болады.

«Қорқыт Ата кітабындағы» бұл жыр негізге архаикалық сюжетті арқау етіп, оның шешімін ұсынуда ислам дінімен толық байланыстырмай, қаһармандықты насихаттау мақсатын көздеген. Осы мақсатпен Басат батыр-кейіпкер образында енгізілген. Мифтегі құбыжықпен күрестің мақсаты басқа екенін Тиамат арқылы анықтасақ. Төбекөзге қатысты сюжет ерлікті жырлау мақсатын көздегендіктен, оның қолданысы образды пайдаланудағы екінші кезең болып шығады. Осылай болғанның өзінде Одиссейдің Полифеммен кездесуі, өз сөзімен айтқанда, қызық көріп немесе сыйлық алмақ ниеті болғаны және Алкиной патшаның сарайында бастан өткен әңгіме ретінде баяндауы сөйілдік мақсатты аңғартады. Бұл, сөз жоқ, грек тарихындағы қоғамдық формациялардың таптық, құл иеленуші дәуірінде тууымен байланысты. Одиссейдің Полифеммен кездесуі ел қорғау мақсатынан қосылмаған. Бұл сюжеттің шығыстан ауысып келген деген ғалымдар пікірін дәйектей түседі.

В.Ф.Миллердің Кавказ мәтіндері грек нұсқасына жақын деген пікірін В.М.Жирмунский қолдамаған [4].

Арабтың «Мың бір түн» ертегісінде Сандыбадтың бастан кешкен оқиғасы ретінде баяндалған Төбекөзге байланысты сюжеттің орын алуы әр елге тараған нұсқаларда өзіндік ерекшеліктердің сипатын анықтауға көмектеседі. Бұл шығарманы қазақ тіліне аударған Қ.Әбдіқадыров: «Күндегі әдетімен семізі біреуімізді қақтап жеп, мақұлық ұйқыға кетті. Екі темір істікті отқа қыздырып, әбден қызған соң екі көзіне апарып, бойлата сұғып жібердік» [5, 151-б.], – деп жазған. «Мың бір түндегі» «басы бәйтеректей, бейнесі адам сияқты, көзі шамдай жанып, тісі қазанның тісіндей айқасып, екі құлағы салпылдап жерге сүйретілген бір зат келді. Қол-аяғының тырнағы бүркіттің тұяғындай», – деп суреттелген құбыжықтың екі көзді болуы ойландырды.

Бұл кітаптың 1903 және 1930 жылдары орыс тіліне аударылған нұсқаларына тірек болған араб мәтіндерін табу мүмкін болмаса да, сюжет жатжерлік болуына байланысты кейіпкерге қатысты маңызды белгілер өзгеріске түскен деген тұжырым жасалды. М.А.Салье аударған нұсқаны салыстыру арқылы образ циклоп деп аталғанымен, оның жалғызкөзді сипатында еместігін байқадық. 1903 жылғы аудармада «Глаза у него горели, как раскаленные угли» [6, с.225] делінсе. М.А.Салье «Его глаза были подобны двум горящим головням» [7, с.289] деген. Сондықтан, араб мәтінде де бұл құбыжық екі көзді болған деп болжау қисынды. Мұнда айтылған құбыжықтың үңгірде тұрмайтыны да көңіл аудартады. Сандыбад оны «бір сарайға кез болдық. Иесіз сарайға кіріп, жатып, ұйықтап қалыстық» [5, 150-б.], – деп түсіндірген. Және бір өзгешелік – көзіне істік тығылған соң ол жерді дірілдетердей ащы дауыспен айқайлап, сарайдан шығады. Яғни, ол өлмейді. Бұл айырмашылықтардың болуы негізгі сюжеттің бұрмалану нәтижесінде орын алғанын танытады. Мұнда, сондай-ақ, кейбір нұсқаларда аталғандай, оның өзінен де зор ұрғашы дәудің болуы сюжеттің өзгеріске түскенін сездіртеді.

Сонымен, жинақтай айтқанда, ортақ сюжетке бағындырылғанмен, кейіпкерлердің Төбекөзбен кездестірілуіндегі стадиялық тұрғыда айырмашылықтар

бар екені анықталды. Сарын өзектілігін жойған кезде ауытқушылықтардың еркін түрде орын алатынын қазақтағы «Етікші» деген ертегі де [8, Б.276-277] айғақтайды. ХХ ғасырдың екінші жартысында жазылып алынған бұл ертегі кейіпкері маңдайында жарқыраған жалғыз көзі бар дәумен үңгірде емес, иесіз қалған үйде кездеседі. Бұл, әрине, соңғы замандағы ертекішілер тарапынан жасалған өзгерістер, сюжеттің замандар ауысқанына қарамай, жаңғырып отыруымен сабақтас жүзеге асырылғанын көрсетеді. Сонымен бірге негізгі атрибуттың ерекшелігі түгел ұмытылмайтынын байқатады.

Д.Фрэзер бастапқы маг құдайға тәуелді емес деген пікірін еске алсақ [9, с.53] Одиссейдің ұзақ та қиын сапарында құдайлардың шешімі мен Афинаның жебеушілік танытуы қатар жүргенін ойлап, оның бұл типке қосылмайтынын анықтаймыз. Бұл да Одиссей туралы сюжеттің гректерге ауысып келгендігін аңғартады.

Төбекөздің көзінің жанды жер болуы, ол көздің Күннің символы ретінде танылуы архаикалық санадан қалған. Қазақтар арасында әлі күнге «көз тиді» дегенге сенетіндер бар. Бұлардың бір-бірімен, яғни көзді қасиетті деп қабылдаумен байланысты сақталғанын көрсетеді. Ал, жалғызкөзді құбыжықтың елдің зәресін алуы тікелей көзбен байланысы болмаса керек. Бұл арада фольклорлық синкретизм орын алған.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. «Қорқыт Ата» энциклопедиялық жинақ / Бас редактор Ә.Нысанбаев – Алматы: «Қазақ энциклопедиясы» Бас редакциясы, 1999
2. Сказки и легенды ингушей и чеченцев. Сост., пер., предисл. и примеч. А.О.Мальсагова. М.: Гл. ред. вост. лит-ры изд-ва Наука, 1983.
3. Гесериада. Пер., вступ. ст. и комм. С.А.Козина. –М.-Л.: Изд-во АН СССР, 1935.
4. Жирмунский В.М. Тюркский героический эпос. – Л., Наука, 1974
5. Мың бір түн Төрт томдық. Ауд.: Қ.Әбдіқадыров. – Алматы: Жалын, 1993.
6. Тысяча и одна ночь. Первый русский пер.– Спб., 1903.
7. Книга тысячи и одной ночи. В восьми томах. Пер. и комм. М.Салье. Под ред. И.Крачковского. Т.5. –М.: ТЕРРА, 1993.
8. Қазақ халық әдебиеті: Көптомдық. Ертегілер.Т.2. Жауапты шығар. Т.Алпысбаев. – Алматы: Жазушы, 1988.
9. Фрэзер Дж. Дж. Золотая ветвь : Исследование магии и религии. 2-е изд. – М., Политиздат, 1986.

Резюме

Статья посвящена разработке мотива циклоп – античного Полифема и тюркского Төбекөз. Выявлено, что архаичный мотив глаз-фетиш в первоначальном смысле сохранился в Төбекөз.

Summary

The article is devoted to the development of the archaic motives of Cyclops of the antique polyphem and Kazakh tobekoz in typological comparison.

The initial function of the motive of the eye-fetish is more clearly preserved in tobekoz.

КӨРКЕМ ПОРТРЕТ ЖӘНЕ ДЕТАЛЬ

Көркем шығарма композициясында портрет көтерер жүк ауқымды. Авторлық концепция мен қолтаңбаны сездірумен қатар портрет кейіпкердің сыртқы және ішкі әлемін көрсетуге, оның бейнесіне нақтылық, көрнекілік бере отырып, оқырманның шығарма қаһарманын анық әрі дәл елестете алуына қызмет етеді. Дауыс мәнері жүріс-тұрыс, қимылындағы бір ерекшелік, бет-жүз, дене пішініндегі киім киісіндегі өзгешелік, жан тебіренісі – бәрі дараланып, кейіпкер бейнесінің типтік әрі жекеше сипаты неғұрлым нақтылана түседі. Портрет характерлік, бағалаушылық әрі идеялық-көркемдік сипатқа ие.

Бет-жүз, тұлға-тұрпатының көзге шалынар бір белгісімен кейіпкерді пішіндеу – бұрыннан бар тәсіл. Осы орайда М.Әуезовтің «Абай жолындағы» Тоғжанның аққұба жүзі, Әйгерімнің әуезді үні, Мағрипаның ақ жүзіндегі қызыл арайы, Құнанбайдың жалғыз көзі, Ғ.Мүсіреповтің «Ұлпанындағы» Есенейдің қара бұжыр жүзі мен таяқтай-таяқтай саусақтары, «Оянған өлкесіндегі» Жұман байдың көздерін жаба түйілген қабағы есімізге түседі. Қазақ әдебиеті классиктері портреттің дәстүрлі статикалық және динамикалық түрлерін кеңінен қолданған, қай-қайсының болмасын, көркем бейне жасаудағы тәжірибесі өз алдына бір мектеп. Портрет-детальдің ұлттық үлгілерін қалыптастырды. Теке сақал, теке көз, қой көз, қошқар мұрын, бота көз, оқтаудай жұмыр білек, атан жілік, алай төс, бура сан, қозы қарын, ат жақты, бүйрек бет, аққу мойын, шалбар бет, т.б. үлгілер – қазақтың күнделікті күн керісі, тұрмыс-салтымен астасып жатқан ұлттық бояуы қанық, этномәдени дәстүрімізден хабар беретін қолданыстар. Олар жекелік сипатқа ие болып, портрет жасап, заттық-образдық қызмет атқарады. Зерттеушілер деталь арқылы көп мәселенің басын ашуға болатынын, яғни аз сөзбен көп мағынаны жеткізуге болатынын айтады. Жалқы арқылы жалпыны, бөлшек арқылы бүтінді таныту – детальдің басты ерекшелігі. Бір-біріне ұқсамайтын өзгеше бейне жасау үшін деталь – маңызды құрал. Портрет жасау принципіне бейнелеудің өзгешелігі кейіпкердің шығармадағы орнына, сонымен қоса қаламгердің идеялық-көркемдік тұжырымдамасына, жеке стиліне байланысты. Анығында, портрет жүйесінде деталь негізгі нысанға нақтылық дарытады. Бұл жөнінде: «Детальдің мәні ерекше. Кейде кішкене ғана үзік сурет көп жайды сездіреді», - дейді Р.Нұрғали [1, 208-б.].

Біз сөз етіп отырған мәселе орыс әдебиеттану ғылымында жан-жақты зерттеу өзегіне айналып, зерттеушілер тарапынан бірқатар қаламгерлердің шығармашылығы бойынша тұжырымдама жасалды. М.Шолохов, Л.Толстой, А.Чехов прозасын зерттеушілер қаламгерлердің портрет жасау принципіні сараптай келе детальдің маңызына тоқталады [2]. Негізінен, психологиялық портретке басымдық беріліп, образға жан беретін жылт еткен белгінің көзден таса қалдырылмайтынын ескертеді. Портреттік детальді молынан қолдану психологизм шеңберін аша түседі. М.Шолоховтың «Тынық Донына» талдау жасаған В.Петелин былай деп жазады: «М.Шолохов обладает замечательной способностью схватывать и подмечать самые сложные внутренние переживания человека и передавать их через



Жұпар ЖАҚАНОВА,

Қарағанды «Болашақ» университетінің ізденушісі

внешнее, подчас мало заметное выражение лица, движение» [3, 68 с.].

XX ғасырдың 60-80 жылдар прозасының елеулі өкілдері – А.Нұрмановтың «Құланның ажалы», Д.Исабековтің «Қарғын», Қ.Жұмаділовтің «Көкейкесті», М.Мағауиннің «Көк мұнар», Ә.Таразидің «Тасжарған», О.Бөкейдің «Өз отыңды өшірме», Қ.Ысқақовтың «Ақсу – жер жаннаты», «Тұйық», С.Сматаевтың «Бұлақ» тәрізді романдарындағы қаламгерлердің портрет беру принципіне детальдеуге итермелейді. Және ол көркемдік мақсатпен, шығарманың көркемдік идеясымен ұштасып жатады. Деталь ретінде, әдетте, қаламгерлер қаһарманның киім-кешегін, жас мөлшерін, бет пен шаштың түсін, дене мүшелерін психологиялық жай-күйден хабар беретін ым-ишараны, қимыл-қозғалысты көбірек сөз етеді. Тілші-ғалым С.Ж.Төттімбетова «Қ.Ысқақов шығармаларындағы кейіпкер бейнесінің лингвостилистикалық сипаты» атты кандидаттық жұмысында портреттік бейнелеудің лексикалық құрамын үш үлкен топқа топтастырады: соматикалық (адамның дене мүшелері), вестиялды (киім-кешек, заттар), кинетикалық (ым-ишара) [4]. Зерттеуші Е.Д.Шмидт те бұл мәселені ағылшын әдебиетінің мысалында сөз етіп кетеді [5].

Қазақ қаламгерлерінің портреттік жүйесінде көрсетілген белгілер тұтастай қамтылған, әрине, жеке стильдік ерекшелігіне, шығарманың сюжеттік-композициялық жүйесіне қатысты әрқайсысы мәселеге түрлі қырынан келеді.

А.Нұрмановтың «Құланның ажалы» романындағы Құланға берілген портретте бір ғана шегір көздің атқаратын жүгі аз емес. Ол – иесіне біткен батылдық, қайраттылық, қажырлылық және сақтық тәрізді қасиеттердің белгісі. Жазушы толық мінездеме бер-

месе де, оқырманына кейіпкерінің байқағыштық, аңғарымпаздық қасиетін кішкене детальмен сездіріп өтеді «Өткір көзі жалырақтың жыбыр еткеніне дейін шалып, құлағы шөп арасымен тышқанның жорғалағанын да еститін халде» [6,11].

«Құланның сілеусіннің көзіндей өткір көзі қайыршының көзіне қадалып, әр қимылын қалт еткізбей бағып тұр» [6,15].

Құланның жанарының ерекшелігі өзге кейіпкерінің сезімен де куәландырылады. «Ой, алла-ай, Құлан аға, көзіңіз өткір-ау, өткір-ау», - дейді Майлық. [6, 21].

Автор кейіпкерінің психологиясын беру үшін ең басты белгісі – өткір көзін қайта-қайта сөз етіп, портрет-деталь арқылы оның характерлік болмысын ашады. Құланның көзі психологиялық толғанысты дәл жеткізуге пайдаланылған.

Портрет құрылымында соматикалық лексика, оның ішінде көзді сөз ету – әлем әдебиетінде жиі көздесетін құбылыс. Көз – адам жанының айнасы. Адамның көңіл қатпарындағы ішкі сыры, оның ішкі әлемі, жан тебіренісі, көзқарасы, пейілі мен құлқы, ниеті, мінез ерекшелігі көз жанарынан сезіледі. Өзге де жазушылар соматикалық лексикалық бірліктердің қатарында көзді кейіпкердің психологиялық жай-күйін бейнелейтін айрықша көркемдік құрал - деталь ретінде алып, портреттің өзіндік үлгісін жасаған. Д.Исабековтің «Қарғын», Қ.Ысқақовтың «Тұйық», Ә.Таразидің «Тасжарған» романдары осы ойымызға дәлел.

Дулат Исабековтің қаламгерлік шеберлігін Қ.Ергөбек: «Дулат Исабеков – мейлі өткен күн тағылымын айтсын, мейлі бүгінгі күн шындығын жазсын, қайда да, қашан да – шынайы суреткер. Айтарын характер арқылы бейнелей айтады, жазарын көркем детальдарды ойната құбылып ашады, шығарманың көркемдік формасы жұтынып, композициясы дөңгеленіп шып-шымыр шығады», - деп бағалайды [7,123]. «Қарғын» - автордың адами құндылық мәселесін көтерген шығармасы. Романдағы басты кейіпкер Жасын бейнесі – әдеби сында біраз дау тудырғанмен, өзіндік бояу-өрнегімен, даралығымен оқшауланған бейне. Романның басынан аяғына дейін оқығанда, сөзбен салынған суреттің дәлдігі сонша – оның жанары тап бір өзіңізге тесіліп қарап тұрғандай әсерде қаласыз. Үйреншікті мейірім шашқан көз емес, селк еткізетін суық жанар оқырман есінен кетпейді. Жанарды сөз еткенде автор көңіл-күйге әсер ететін **суық, мұздай, салқын** сөздерін қайталап отырып, сөздің эмоцияға әсер етушілік экспрессивтік қызметіне мән береді.

«Күлкісі де, жанары да **салқын** екен. Тура қараған адамның өңменін суық жанары жуалдыздай тесіп өтетін секілді. Ашаң тұлғасында ешкімге бас имес паңдық, тәкаппарлық пен ойлылық бір сәтке жалт етіп өткендей болды» [8,4 б.]. Жасынды алғаш көргендегі Бағиланың қабылдауы осындай. Егер **көз** деталь ретінде алынбаса, кейіпкердің характерлік даралануы екіталай болар еді. Портретті талғап, қажеттісін ғана сөз ететін автор Жасын характерін портрет-детальдің көмегімен айқындайды. Көркем бейне табиғатын танытуға қажетті құрал өз міндетін мүлтіксіз атқарады. Кездескеннің бәріне ішін аша бермейтін Жасын адам тануға келгенде кірпияз. Бағила бойындағы тазалық, туа бітті тектілікті тап басып таныған Жасынның суық жанарына **жылылық** үйіріледі. Жанардың **суықтығы** оның қатгездігін аңғартпаса керек. Бағиланың жүрегі оның «телегей-теңіз білім мен парасат иесі екенін, жебедей өткір, сүңгідей салқын жанары жақынды емес, алысты көруге жаралғанын,

қабырғасы қара басының ғана бүгінгі мен ертеңі үшін қайыспайтынын» аңғарады. Қанша сұсты көрінгенмен, сезімтал қыз алдында Жасынның қаталдығы **жылылыққа** алмасады. Жалпы, Д.Исабеков «Қарғын» романындағы кейіпкерлерге психологиялық портрет бергенде контрасты ұтымды қолданады. Қаталдық пен мейірімділік, салқындық пен жылылық сезімдері алмаса отырып, Бағила-Жасын жұбының сезім иірімдерін анықтап береді. Автор сөйтіп оқырман эмоциясына әсер етуді көздейді.

«Жасын бұрынғыдай селқос емес, қыз жүзіне барлай қарады. **Мұздай жанарына** лып етіп **жылылық** енгендей болды» [8,63-б.].

«Жасын оған қарап отырып қалды. Салқын жанарына **жылылық** үйіріліп, айтарын айтып сап, «барым осы, енді қайтесіз» дегендей, бір бойында бойжеткендігі мен балалығы қатар үйлескен бейкүнә, бейтарап намысты қызға көңілі сүйсініп, төңірегінен естілер ойлы сөзге қашан да түрік жүретін құлағының құрышы қанғандай болды» [8,107-б.]. Жасын бейнесі қыз әкесі Қаратайдың есінде де қалып қояды. Әсіресе, суық жанары. «Қаратай мұқабасы мыж-мыж боп, кір басқан кітапты қолына алды да, ішін көрді. Кітапта автордың суреті бар екен. Өңменіңнен өтердей суық та ойлы көз тура өзіне қадала қарап тұр. Оның есіне таныс бейне түсе кеткендей болды. Қайдан көрді, қай жерде жолықты? Бір-екі жылдың төңірегінде жазушы атаулымен жүздескен жоқ еді ғой! Иә, қайдан көрді?..

Кенет оның жүрегі дір ете түсті. Сол! Сол жігіт! Бұл жайлы жаздың күні тауда жүргенде Бағила да айтқан. Өздері күпеден қуып шығатын жігіт!» [8,132 б.]. Басты кейіпкер портретінің негізгі белгісі – көз жанарының сан алуан сипаты арқылы автор детальды шебер ойнатады. Деталь-көз – кейіпкер образын тереңдете ашу құралы екенін сездіреді.

«Бұлақ» романында да **көз** портреттің бір бөлшегі ретінде алынып, сезім күйін танытады. С.Сматаев – кейіпкер бейнесін сомдауда бай тәжірибе жинақтаған, өмір құбылыстарын көркемдік тұрғыдан игерген, өзіндік дара стилі бар шебер жазушы. Әсіресе, портрет арқылы жан толқынысын, ішкі әлемнің қалтарыс-бұлтарыс, ұңғыл-шұңғылын жіті бақылап, барша шеберлігін, қаламгерлік қарымын психологияны беруге жұмсайды. «Бұлақта» адамдардың өзара қарым-қатынасын, іңкәрлік, аңсар-арманды көрсетіп, ізгілікке құштарлықты сездіреді. Маратбек, Айымша, Әйімгүлдердің рухани әлемі портрет-деталь арқылы ашылады. Мәселен, Айымшаның Маратбекке деген сағынышы сөзімен емес, махаббат, сағынышқа толы көз жанарымен жеткізіледі. Өйткені, оның көз жанарының ғажаптығын «Өзі де әйел жынысының әдемісі еді... Көздері ғажайып еді! Ұзын кірпіктерін серпіп қалғанда, аржағынан найзағай отындай ұлтты жанар шоқ шашып, қандай жанды болсын дір еткізетін» деген үзіндіден байқауға болады [9,16-б.].

Сайлаубекті ұнатып қалған, сезімін ақылға жеңдіре білген Әйімгүл үн-түнсіз, бота көздерімен айналай қарап, іштегі іңкәрлігін үнсіз білдіреді. Маратбектің көңілін сұрауға келген Айымшаның көзі ше? Маратбек ұғымында «Көзі әлі де сол қалпы. Мейірлі қалпы. Елжіреп тұр әлі». Айымша мен Әйімгүлдің портреттерінен сүйген адамын кездестірген кездегі бет-жүз бен көз жанары арқылы адамның ішкі дүниесінде болып жатқан түрліше психологиялық хал-күйді таныту мүмкіндігінің жоғары екені сезіледі.

Маратбектің науқастанып жатқандағы жай-күйі қандай нанымды! Төсек тартып жатқан кейіпкердің тамағынан ас өтпей қиналғанын, тән азабын тартқан

күйін шынайылықпен суреттейді. Оның сол күйін оқырманға сездіру үшін *күңгірт жанары мен сирек кірпіктерін* деталь ретінде қолданады.

«Сирек кірпіктер өрмекшінің аяғындай қыбырлап, дірілдеп қалды да, қиюласқан жігін ажыратып, ақ етке сарғыш бояу жалатқан күңгірт жанарды болар-болмас жылтыратты. Еті қашып, көз шарасы төмендеп, шұңқырайып кеткен екен; мұзы қалыңдаған қысқы ойықтан елеусіреп мөлдіреген тұңғық судай тұмантып үйдің төбесіне тесірейді» [9,8-б.].

Детальді көркем бейненің жан тебіренісін жеткізуші құрал ретінде еркін қолданған қаламгерлер моральдік-құлықтық мәселелерді көтере отырып, адам жанының иірімдеріне сүңгіп, көтерген мәселелерінің шешімін іздейді. Жан әлемі динамикасын сездіретін көздің түрлі сипаты оқырманды қиял дүниесіне жетелейді. Көркем деталь авторлық концепцияның қалыптасуына әсер етеді. Ішкі психологиялық толғанысты, психофизиологиялық ерекшеліктерді дәл жеткізуде қолданылған құрал – **көз**.

Қалихан Ысқақовтың «Ақсу – жер жаннатын» оқыған оқырманның есінен кетпейтін бір деталь бар. Ол – *мұрын*. Басты қаһарман Асекең-Асхаттың «қисық мұрны». «Екі көзі терезеде, елегізіп отырып кабинетке әлдебір етіктің кіріп келгенін байқамапты, дүрп-дүрп еден сүрген дыбысқа жалт қараса, пұшпақ бөркін миқита кіріп, қисық мұрын бір шал көзін қикита төбесінен тесіліп тұр екен. Мұрынын қисайтып тұрып:

- Әлгі аспаннан түскен дәкей сенбісің? – деді. Мыжырайған бет-ауыздың қай қатпарында мысқыл, қай жапсарында күлкі жатқанын албастының өзі болмаса, адам баласының аңғара қоюы қиын еді» [11: 32]. Үзіндідегі *етік* пен *мұрын* – сәтті таңдалған деталь. Деталь кейіпкер характерін ғана танытпай, автордың стилінен де хабар береді. Етіктің *дүрп-дүрп етуі* мен *мұрынның қисықтығы* автор қолтаңбасындағы юморлық бояуды көрсетеді.

Портрет-детальдің соматикалық бөлшегі ретінде көркем шығармада кейіпкердің *дене пішіні мен бойы* жиі сөз болады.

Оралхан Бөкейдің «Өз отынды өшірме» романындағы детальдар: *төртпақ дене; сүйегі ірі адам; бүкіл дене қарағайдың бұтағы секілді адырайған, білеу-білек көк тамырдан өзге қырым еті жоқ жігіт; дәу шал; еңгезердей мүсінді жігіт; сұңғақ бойлы, арық болса да ажары таймаған қайратты әйел; төбесі көк тіреген еңгезердей шал*, т.б. [12]

Қабдеш Жұмаділовтің «Көкейкесті» романындағы соматикалық детальдар: *еңкіш тартқан кәрі тұлғалы; марқұм сұңғақ бойлы, ажарлы, ақ құбаның өдемсі; орта бойлы, толықша келген қызылшырайлы келіншек; талдырмаш денесі сымдай тартылған сүліктей сұлу; денесі шөгіп, жұдырықтай қаңбақ шал болған да қалған; бес биенің сабасындай, нұр жүзді, толық бөйбіше; аса ірі, сүйекті адам; денеден ет арыла бастағанмен, қаралдысы әлі де шөккен нардай; ұзын бойлы иір қара кісі; жауырыны түп-тұтас, дембелше мықыр кісі*, т.б. [13]

Қолданылған детальдар автор мен кейіпкерлер әлемінің көркемдік-эстетикалық талғам биігін танытады. Әрі *дене пішіні мен бойы* арқылы кейіпкер өзгеден дараланады. Дәл осындай соматикалық детальді қолдану статикалық портрет жасауға қолайлы. Одан әрі қимыл-әрекетпен астастырса, динамикалық портретке ұласары сөзсіз.

Деталь қызметін атқаруда *вестиалды лексиканың*

Махамбет поэзиясын біз шын ғылыми түрде зерттеуіміз керек. Бірақ, оның шығармаларынан бүгінгі көзқарас, біздің дүние танушылықтарымызды талап етуге болмайды. Өйткені, Махамбеттің өмір сүрген заманы мен біздің қазіргі заманымыздың арасында үлкен-үлкен айырмалар бар. Ол айырмалар мәдениеттегі кемшіліктерді сынай отырып, нағыз керегін ғана кәдемізге асыруды бізден талап етеді.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Исатай-Махамбет. Х.Досмұхамедұлы, Алматы – 1991
2. Махамбет. «Жыр-жебе» Б.Карашина, Алматы – 2002
3. Махамбет. «Ерулі атқа ер салмай». Өлеңдер жинағы. Алматы – 1974
4. «Терең төркіндер». Б.Аманшин. «Қазақ әдебиеті» газеті, 1973 жыл, 14 қыркүйек.

«АҚЫН БОЛУ — ҒАЖАЙЫП»

атты 2-сыныпта өткен ашық тәрбие сағаты

Тәрбие сағатының мақсаты: Мұқағали Мақатаев өмірінен шағын мағлұмат беріп, өлеңдерімен таныстыру, жырларынан нәр алу.

Мұқағалидің ақындық талантын шәкірт жүрегіне ұялату, сол арқылы олардың бойында поэзия әлеміне, жалпы сөз өнеріне деген сүйіспеншілікті арттыру.

Туған халқының талантты ақынына, туған еліне деген сүйіспеншілік сезімін оятып, адамгершілікке тәрбиелеу.

Қолданылатын көрнекіліктер: Ақын портреті, оның өлеңдерінен үзінді, ақын-жазушылар естеліктері, «Ақын болу – ғажайып» атты буклет, Шәмшінің Мұқағали туралы айтқан бір ауыз сөзін теледидардан көрсету.

Сабақ барысы

I. Ұйымдастыру

II. Жаңа сабақ

Жоспары

1 «Қарасаз қара шалғын өлеңде өстім» (өмірдерек).

2 «Мен өмірді жырлау үшін келгенмін» (ақынның әр тақырыптағы өлеңдері).

3 Күнделік сыр шерткенде (ақын күнделігіне шолу).

4 «Аққулар ұйықтағанда» (поэмадан үзінді).

5 Қорытынды.

I. Психологиялық дайындық Оқушылар хормен: «Ақын болу ғажайып,

Құрметпенен біз қарайық!» деп, ақын рухына бас иеді.

Мұғалімнің кіріспе сөзі: – Бүгін сіздер мен біздер қазақ өлеңінің аспанында ерекше нұрланып, жарқырап өткен ақиық ақын Мұқағали Мақатаев пен оның өрелі өлеңдері жайлы ой өрбітпек мақсатта «Ақын болу ғажайып» атты тәрбие сағатын бастаймыз.

Бір күндік сәуледей ағып өткен қысқа ғұмырында қазақтың ұлы ақыны Мұқағали бізге ұлан-ғайыр мұра қалдырып кетті.

Бүгін біз өмірге іңкәр, өмірді жанындай сүйіп, жырлап өткен сыршыл да сезімтал ақын жайлы сыр шертіп, ақын әлеміне, өлең атты құдіретті мұхитқа сапар шексек, оның өлеңдерінен өрілген сұлу сазға тербелсек деп отырмын.

Қарасаз, қара шалғын өлеңде өстім.

Жыр жазсам, жұртым, өлеңдестің.

Өлсе өлер, Мұқағали Мақатаев.

Өлтіре алмас, алайда, өлеңді ешкім, – деп ақынның өзі айтқандай, оның өлеңі өмірден өзі кетсе де, өшпей, ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып келеді.

1-оқушы

Поэзия! Менімен егіз бе едің?

Сен мені сөзесің бе, неге іздедім,

Алауыртқан таңдардан сені іздедім.



Дидар КЕҒЕСПАЕВ,
М.Мәметова атындағы
шағын жинақты негізгі орта мектептің
бастауыш сынып мұғалімі

Сені іздедім кездескен адамдардан,
Бұлақтардан, бақтардан, алаулардан,
Сені іздедім жоғалған замандардан.

Мұғалім: – Аламан бәйгеге оза шауып, өлең жырда шашасына шаң жұқтырмаған ерен жүйрік, талантты тұлға Мұқағали ақынның өмір жолы әр алуан. Оны біріміз білсек, біріміз білмейміз, енді бір сөт оның өмірінен деректерге жүгінсек.

3. Ақын өмірбаянынан слайд көрсетіледі
1-бет. «Қарасаз қара шалғын өлеңде өстім» (өмірдерек)





3-бет. Ақынның өмір жайлы жырлары:

«Өмір деген», «Бәрін де қойшы», «Ей, өмір» өлеңдерін жазды.

«Үш бақытым», «Отан», «Елім барда», «Қара өлең», «Қайырлы түн», «Қарасаз» «Бақыт деген», т.б.

4-бет. Күнделік сыр шерткенде (ақын күнделігіне шолу).

5-бет. «Аққулар ұйықтағанда» (поэмадан үзінді).

6-бет. Қорытынды

Мұғалім: — Ақындықпен айналысқан отыз жыл ішінде Мұқағали Мақатаев көзімен көргендерін, ақындық самалмен түйгендерін тәгілтіп жырлай берді. Туған жерге, елге, халқына, Отанына деген махаббат сезімі ақын ретінде оның басты тақырыбы еді. Өзінің ұлтын, туған тілін ерекше құрметтеген ақын:

Түзу-түзу жыртылған аңыздайын,
Аузыма неге нәр тамызбайын.
Қара өлеңі қазақтың қаза болса,
Қара көзден неге қан ағызбайын, – дейді

Кезек ақын өлеңдеріне беріледі.

«Үш бақытым» өлеңін Бекболат оқиды

Ең бірінші бақытым- халқым менің,
Соған берем ойымның алтын кенін.
Ол бар болса, мен бармын, қор болмаймын,
Қымбатырақ алтыннан нарқым менің.
Ал, екінші бақытым – тілім менің,
Тас жүректі тіліммен тілімдедім.

Кей-кейде дүниеден түңілсем де.

Қасиетті тілімнен түңілмедім.

Бақытым бар үшінші – Отан деген.

Құдай деген кім десе, Отан дер ем!

Оты сенген жалғанда жан барсың ба?

Ойланбай-ақ кел-дағы от ал менен.

Үш бақыт жайлы оқушыларға түсіндіру.

Мұғалім: — Ақын ағамыздың артында қалған мұраларының бірі – ақын күнделігі. Күнделікке кезек берсек, ол бізге былай деп сыр шертер еді.

Үш оқушы күнделіктен үзінділер оқиды.

Оқырман ақынның көз-келген өлеңін бейтарап, салқын оқи алмайды. Мұқағали Мақатаев өзінің естелігінде былай деп жазыпты:

«Егер бір кездерде менің өмірім, шығармашылығым әлдекімнің көңілін аударса, оларға былай дер едім:

– Менің қымбатты достарым! Егер сіздер шынымен менің өмірбаянымды, шығармашылығымды зерттемек болсаңдар, онда мен не жазсам, соның бәрін түгел оқып шығуды ұмытпағайсыздар. Мені өз өлеңдерімнен бөліп қарамауларыңызды өтінем. Естеріңізде болсын, менің өлеңім жеке тұрғанда түк те емес. Біріктіріп қарағанда ол поэма іспетті. Басы және аяғы бар. Ол кейде күлімдеген, кейде түңілген жанымның құдды дауысындай...

Жанымның мұңы мен қуанышы, бәрі сонда. Солар басқа жүрекерге өз сәулесін түсіруге тиіс деп ойлаймын. 14 ақпан, 1976 ж.».

Шәмшінің естелігінен үзінді көрейік. – Шәмші кім? – Білесіңдер ме? Шәмші атамыздың сөзін зер салып тыңдайық. (Бейнетаспадан көрсету)

Мұғалім: — Ақын шығармаларының үлкен бір сала-

сы – оның поэмалары. Поэма дегеніміз не? (түсіндіре кету). Оның поэмаларының ең асылы, ең биігі – «Аққулар ұйықтағанда». Бұл поэма 1973 жылы «Жалын» альманагында жарияланды.

Оқушыларды поэма мазмұнымен қысқаша таныстыра кетемін.

– Аққу – «Қызыл кітапқа» енген киелі құстардың бірі. Сендерге поэмадан үзінді оқып беремін, барлығымыз зер салып тыңдайық.

**Сыңар қанат сынық құс байлауда тұр,
Тағы бірі айдында жайрап жатыр.
Қан аралас қалқыған мамығымен,
Жетімкөлдiң толқыны ойнап жатыр.
...Қасиетке оқ атып, жойған пақыр,
Қалай алып кетерін біле алмастан,
Сүлеп-сопа, жағада ойлауда құр.
Жетімкөлден сән кетті мана тұнған,
Аққу кетті, ән кетті қанатында.
Асқар- асқар таулардан асып әрі,
Шың- құздардың үн қалды қабатында,
Аққу әні естілмей қалатын ба?
Алатаудан үзілтіп Қаратауға,
Жаңғырығып жартастар таратуда.**

Елестету стратегиясы

– Қазір Дәурен «Аққулар ұйықтағанда» поэмасынан үзінді оқиды. Барлығымыз көздерімізді жұмып, көлдегі төкаппар құс келбетін көз алдымызға елестетейік.

Дәуреннің поэмадан үзінді оқуы

Қасқа таң.
Бұлбұл үні.
Көл бетінде
Аққулар ұйықтап жатыр тербетіле.
Бас бағып жағада отыр жалғыз ана,
Таңданып төкаппар құс келбетіне.
Тығып ап түмсықтарын мамығына,
Айдын — төсек, аспанды жамылуда.
Арша, шырша, жартастар жағадағы
Сұғынып, бәрі көлге табынуда.
Аласұрып, бәрі көлге табынуда.
Аласұрып, қан ойнап тамырында,
Ана-жүрек тыпыршып, қабынуда,
Не қыларын біле алмай, жабығуда.

«Аққу» биі. Орындайтын Наргиз.

Мұғалім: – Иә, «Ақын болу ғажайып» дегендей, Мұқағали есімі мәңгілік аңызға айналды. Оның есімін жап-жарық сәулетті де дәулетті жырлары паш етіп тұр.

5-оқушы:

Жырым көп менің әлі жазылмаған,
Кенім көп менің әлі қазылмаған.
Қалдырып болар-болмас қазыналар,
Нәліктен бір күні мен жазым болам.

6-оқушы:

Қуалап тіршіліктің көбелегін,
Қап қойды қапәлімде көп өлеңім...
Жалғызым, жаным менің – жырым менің,
Қалдырып сені артыма неге өлемін...

7-оқушы:

Жазайын, жалықпайын, жасырмайын,
Қашан қалғып кеткенше басылмайын.
Ая деп ажалға мен бас ұрмаймын,
Шоқ шайнап, оқ бүріккен қасымдайын.

Дәптермен жұмыс

5 жолды өлең

1. Кім?
2. Қандай?
3. Не істеді?
4. Кім үшін?
5. Жалпы ойды түйіндеу.

Мұғалім: – Ақын өлеңдерін толқи, тебірене оқи отырып, өмір шындығы, уақыт тынысы, жүрек ырғап, сезім сырлары қабаттаса өрілген өлең жолдарындағы ақындық рухқа бәріміз тұрып, тағы да бас иеміз.

Оқушыларың орындауында ән – «Бақыт деген».

*Бақыт деген – сенің бала күндерің,
Бақытсыз-ақ бақытты боп жүргенің.
Бақыттың да, басқасын да білмеуің,
Бақытсыз-ақ ойнағаның, күлгенің.*

*Бақыт жайлы мынау менің білгенім,
Бақыт деген бірде шаттық, бірде мұң.
Бақыт сол – тәрік күндерің,
Бақыт іздеп азаптанса кімде-кім.*

*Бақыт деген әркімдерде бір арман,
Сол арманның шыққан жері құмардан.
Ал, сен үшін бақыт деген дәл қазір
Бақыт жайлы жаза алмаған шығармаң.*


*Бақыт іздеп мал бақ, мейлі тас қала,
Бірақ, балам мынаны естен тастама.
Бақыттысың бақыт іздеп сорласаң,
Бақытты боп сорлы жүрсең масқара.*

*Бақытты – мен, бақытым деп біл мені,
Мені білсең бақытыңды білгенің.
Ал, мен үшін ең бақытты күндерім
Балам саған бақыт іздеп жүргенім.*

«Мұқағали кім?» деген тақырыпта эссе жазу Соңы.

– Осымен, балалар, бүгінгі «Ақын болу – ғажайып» атты ашық тәрбие сағатымызды аяқтаймыз. Көңіл қойып, белсене қатысқандарыңа көп-көп рахмет!

Бурабай



Сайлаубек АЛДАЖАРОВ.
Шығыс Қазақстан облысы,
Зайсан ауданы.

Мен білетін осы сегіз шумак өлең «Біржан-Сара» айтысы жазылған сол бір дәптерде болған. Ол өлең Бурабай көлі туралы, хан Абылайдың тірі кезінде бір акын шығарған болу керек. Олай дейтін себебім, ол өлеңді Сәкен Сейфуллин ағамыз кезінде оқыған көрінеді. Өлең шағын болғандықтан, ол кісі Бурабай көлі туралы көлемді етіп жазыпты. Мен білетін сегіз шумактың төртеуін өзінің өлеңіне қосыпты. Бірақ та ол кісі бір нәрсені аңғармағаны өкінішті-ақ, олай дейтін себебім, Сәкен ағамыз ақ бура көлдің айналасындағы тауды шыр айнала шауып, зіркіреп-

күркіреп, елдің зәресін алатын дейді. Кие деген адам баласына қалай болса, солай көріне бермейді ғой. Кие не жақсылық, не жаманшылық боларда сүйген құлына көрінуі мүмкін. Мәселен, бір кісі киелі дейік, ол кісінің жанында киесі еріп жүргенін ешкім көрмейді. Егерде киелі адамға біреу озбырлық жасап күйіндірсе, сол озбырлық жасаған адамға не дерт, не бір пәле болуы мүмкін. Көл де, жерде, табиғат та — киелі, бірақ оны адам баласы көзімен көре бермейді. Ал, Ақ Бура Қасым ханның (Абылайдың баласы) өліміне және өзінің өліміне көрінген болар деп топшылаймын. Ал, енді өлеңге келейін.

Бурабай

*Арқада жер жетпейді Бурабайға,
Ежелден қоныс болған Абылайға.
Сол таудың ортасында Бурабай көл,
Ұқсайды дөңгелек туған айға.*

*Қарағай биік шыңға қиялаған,
Еш адам оны барып қиялмаған.
Шырылдап тау жаңғыртып, шыңға қонып,
Жалғыз-ақ көк қаршыға ұялаған.*

*Ақ көбік көпіреді күміс судан,
Сан сұлу сол көбікпен бетін жуған.
Көл басы кейде қиқу, кейде у-шу,
Әзілмен қыз-бозбала дүкен құрған.*

*Баласы Абылайдың Қасым төре,
Ежелден сотқарлығы басым төре.
Бір күні тау жағалап келе жатты,
Өзіндей қырық жігіт қасына ере.*

*Сол кезде шыға келді ақ боз бура,
Желкілдеп төсін жапқан апақ шуда.
Бураны көре сала Қасым төре,
Садақпен атып қалды нақтап тура.*

*Шиқылдап ақ боз бура аузын ашты,
Қысылып, тісін қайрап көбік шашты.
Қасымды өлерінде үш айналып,
Шапқылап әлгі бура таудан асты.*

*Қасым хан қаза тапты бураны атқан,
Шулатып кең даланы тып-тыныш жатқан.
Ақ бура сол кеткеннен таудан асып,
Мәңгілік қозғалмайтын тас боп қатқан.*

*Қасымның қанға құмар ниетінен,
Күміс көл сонда айырылды иесінен.
Атанды содан бастап көл Бурабай,
Сондағы көпшіліктің тілегімен.*

Инновации, творчество, победы

Колледж работает над проблемой «Внедрение современных педагогических технологий в образовательный процесс», включающей направления: мониторинг профессиональной подготовки студентов, изучение теории, пропаганда современных педагогических технологий, изучение обобщение и распространение опыта работы преподавателей путем проведения творческих недель, посещения уроков, выпуска брошюр, публикации материалов.

Преподаватели С.М. НИЯЗБЕКОВА и Н.Б. БОЛТАЕВА используют в работе личностно-ориентированные технологии.



Например, С.М. Ниязбекова провела мастер-класс для молодых преподавателей по предмету «Бухгалтерский учет». Н.Б. Болтаева – автор методической разработки «Қазақ тілін оқытып үйретудегі инновациялық технологиялардың қолданылуы».

Развитию творческой индивидуальности студентов способствуют уроки опытных преподавателей экономических дисциплин Г.Ж. ЧАЙЖУНУСОВОЙ и М.Р. АМАНГОСОВОЙ, умело использующих игровые технологии.

Посредством проведения деловых, сюжетно-ролевых, имитационных игр формируют активность, умения и навыки поведения в реальной жизни творческие педагоги А.А. АШЕРКУЛОВА, Т. ТЕМЕШЕВ, Г.А. АМАНГОСОВА.

Еще одна творческая группа преподавателей (Л.А. ДУРУМОВА, Г.Е. ХУСАИНОВА, М.Ж. ИБРАГИМОВА, О.К. МОИСЕЕВА, С.Е. ЖУМАБИЕВА) работает над проблемой интегрированного обучения. Педагоги ставят задачу не только развивать творческие способности студентов, но и помочь будущим специалистам полнее овладеть технологией изучаемой дисциплины.

Педагоги организовали и провели ряд мероприятий:

творческую выставку по оформлению блюд, напитков и кулинарных изделий;

Г.У. САТАНОВА,

заместитель директора по УР,
Алматинский государственный бизнес колледж.



открытый урок по предмету «Организация и обслуживания на предприятиях питания» на тему «Сервировка столов» в группе 3 тех «Б» (С.Е. ЖУМАБИЕВА).

Студенты третьих курсов, обучающиеся специальности «Финансы», под руководством преподавателей А.К. БАЙГАЗИЕВОЙ, Г.Е. АЛДУНГАРОВОЙ и Н.А. КОВАЛЕВОЙ участвовали в работе конференций, организованных по инициативе вузов города.

За участие в конкурсе «Молодежь и финансы в экономике» (в Академии экономики и права) награждены ценными подарками.

Творчески работающий преподаватель понимает, что нет универсальных технологий, методов и приемов обучения, позволяющих решить сразу все проблемы, поэтому прибегает к нескольким. Это педагоги-новаторы К.С. СУЛЕЙМЕНОВА, Г.К. ДЖАЗИЛЬБЕКОВА, Н.К. АЙДАРБЕКОВА, К.А. КОПБАЕВА, кандидат филологических наук Г.Ш. АКИМБЕКОВА и П.Б. АЛЫБАЕВА.





Учащиеся педагога П. Б. Алыбаевой стали победителями городских олимпиад:

Таухар АҚЫЛБАЕВА, 1 место (1 учет «В», гуманитарные дисциплины).

Рауан КУМАРОВ, 2 место (1 ВТИПО «В», технические дисциплины).



Преподавателем казахского языка и литературы, кандидатом филологических наук Г.Ш. Акимбековой был проведен незабываемый открытый урок по казахской литературе на тему «Абай жолы – тәрбие көзі».

На городском конкурсе выразительного чтения среди ВУЗов города учащаяся Еркеайым САТТАРОВА (1 учет «А») награждена грамотой. Подготовила ее к выступлению А.А. Ахметжанова.



Своеобразным экзаменом для коллектива можно назвать регулярно проводимый смотр-конкурс «Лучшая группа колледжа». Главная его задача – вовлечение

как можно большего числа студентов в коллективную творческую деятельность. По результатам последнего конкурса призовые места распределены следующим образом:



- 1 место – группы 1учет «Б», педагог У.К. Адильбекова.
- 2 место – группы 1 учет «В», педагог П.Б. Алыбаева.
- 3 место – группы 2 мен «А», педагог Г.Ш. Акимбекова.
- 3 место – группы 2 тех. «А», педагог Г.Е. Хусаинова.



Спорт формирует здоровый образ жизни

В колледже функционируют спортивные секции по шахматам, шашкам, дартсу, национальным видам спорта (тоғыз кумалақ), армреслингу, легкой атлетике, гимнастике, тяжелой атлетике, в которых занимаются более 100 учащихся.

Они не только поддерживают хорошую физическую форму, но и участвуют в соревнованиях и занимают призовые места. Наши последние достижения

1-е место по национальным видам спорта на «1-й Студенческой олимпиаде женского здоровья».

3-е место на футбольном турнире, посвященном 65-летию Великой Победы

3-е место на XV Спартакиаде «Президентского многоборья» среди колледжей г.Алматы.

На соревнованиях по спидскейтингу на «1-й Студенческой олимпиаде женского здоровья»:

2 место - Акерке МЫКТЫБЕК (группа 1 тех «Б»).

3 место - Яна ЦОЙ (группа 1 тех «Б»).

На чемпионате РК по тэквондо:

1 место – Айжан АЛИЖАНОВА (группа 3 тех «Б»)

3 место – Назерке САПУАНОВА (группа 2 тех «А»).

ЭТИКА ПРЕПОДАВАТЕЛЯ

В ходе аттестационной (итогового) оценки образовательных достижений студентов преподаватель обязан оценивать только реально существующие и предъявленные студентом знания, умения и навыки (а не студенческие обещания «стать хорошим и все выучить»). Преподаватель не должен делать поправок на личность студента или его особые жизненные обстоятельства, которые могут служить оправданием неудовлетворительного уровня знаний. Не следует в ходе итогового оценивания «нагружать» оценку несвойственными ей функциями — воспитательной, мотивирующей, ориентирующей, поддерживающей (утешительной).

Все эти функции присущи только промежуточным (текущим) оценкам. Следует помнить, что именно объективность является наилучшим гарантом для обеспечения главной ценности в любой оценочной деятельности.

Преподаватель должен помнить: если всем студентам он поставил оценку «отлично», то в этом не проявится несправедливость. Ибо такой подход нарушает права студентов, которые подготовлены лучше других и обоснованно претендуют на более высокую оценку их знаний. Основной принцип научно обоснованной прикладной теории справедливости гласит:

Внешние оценки, получаемые субъектом и другими, должны восприниматься им как пропорциональные отношению внутренней субъективной сравнительной самооценки других, тогда внешние оценки воспринимаются как справедливые.

Преподаватель должен помнить, что подавляющему большинству студентов для понимания уровня справедливости своей оценки важно знать, как были оценены другие студенты. Если кто-то получил такой же высокий балл, а студент знает, что его товарищ подготовлен явно хуже, то это положение вещей воспринимается им как несправедливость.

Осознание несправедливости и бесконтрольности подталкивает учащихся к снижению требовательности к себе, недостаточному изучению программного материала.

Преподаватель должен помнить: если студент не может освоить программу курса, то это, вполне возможно, не вина, а беда. Каждый имеет право на неудачу.

Низкая оценка — это не способ выражения морального осуждения студента преподавателем, а объективная оценка проделанной студентом работы. Пре-



Гульмира БИТУРЕЕВА,
преподаватель юридических дисциплин,
колледж университета им. Кунаева.

подаватель должен аргументированно доказывать свое решение и в то же время показать студенту, что его отношение к нему как к человеку и как к студенту — суть не одно и то же.

Можно сказать: «Я Вас ни в чем не обвиняю. Вы не смогли показать лучший результат сегодня. По-человечески я выражаю Вам сочувствие, но как объективный педагог не могу признать Ваш уровень подготовки удовлетворительным».

Нужно помнить, что преподаватель не имеет морального права «мстить» студенту за то, что последний халатно относился к его предмету.

Отношения «преподаватель-студент» — это отношения психологического паритета по формуле «взрослый-взрослый», но не отношения психологической опеки по формуле «родитель-ребенок». Экзаменатор не имеет права завышать оценку. В этом случае он принимает на себя функции «понимающего и поддерживающего родителя». В то же время нельзя занижать оценку, ставя себя в позицию «поучающего родителя».

В самом начале курса преподаватель должен объявить, по каким критериям будут выставляться оценки по его дисциплине: будет ли применен принцип «накопленных баллов» (суммирование оценок промежуточных и итоговых испытаний) или все решает только заключительный экзамен.

Письменное творчество развивает критическое мышление

Р.Б. БАЙГЕНЖИНА,

преподаватель колледжа экономики и финансов,
г. Астана.

От Канзаса до Казахстана, от Мичигана до Македонии школьные учителя и университетские профессора стремятся привить своим ученикам способность мыслить критически. Мы знаем, что критическое мышление — это что-то заведомо хорошее, некий навык, который позволит нам успешно справляться с требованиями XXI века. поможет глубже понять то, что мы изучаем и делаем.

Но все-таки, что такое критическое мышление? Дать определение этого термина непросто: слишком много параметров - умений, видов деятельности, ценностей.

Рассмотрим некоторые виды умственной деятельности, не относящиеся к критическому мышлению.

Запоминание — важнейшая деятельность мозга, без которой невозможен учебный процесс, но от критического мышления оно отличается кардинально. Правда, многие школьные учителя по старинке ценят память превыше всякого мышления и проверяют на контрольных и экзаменах исключительно объем памяти учащихся, но мы, сторонники критического мышления, все же ориентируемся на более сложные виды умственной деятельности.

Другой вид «некритического» мышления, без которого тоже не может быть учебного процесса, связан с пониманием сложных идей. На уроках биологии и математики, истории и литературы ученики усиленно работают головой, чтобы понять, что говорит учитель или что написано в учебнике. Понимание — сложная мыслительная операция, особенно если материал не из легких.

Нужно помнить, что когда мы трудимся над пониманием чужой идеи, наше собственное мышление на первом этапе пассивно: мы лишь воспринимаем чужие умозаключения. А критически начинаем мыслить, когда новые, уже понятные идеи проверяются, оцениваются, развиваются и применяются. Запоминание является необходимым условием для критического мышления.

Третий вид мышления, к которому не подходит определение «критическое» — творческое или интуитивное мышление. Мозг спортсмена, художника, музыканта проделывает сложнейшую работу, однако сами они (если не новички) этого даже не замечают. Как правило, такого рода мыслительные процессы остаются неосознанными.

Критериев определения критического мышления всего пять.

1. Самостоятельность и индивидуальность. Когда занятие строится на принципах критического мышления, каждый формирует свои идеи, оценки и убеждения

независимо от остальных. Мышление может быть критическим тогда, когда оно носит индивидуальный характер. Ученики должны иметь достаточно свободы, чтобы думать собственной головой и самостоятельно решать даже самые сложные вопросы.

Критически мыслящий человек зачастую разделяет чью-то точку зрения. Но главное, что каждый решает сам, что ему думать. Самостоятельность, таким образом, есть первая и, возможно, важнейшая характеристика критического мышления.

2. Информация — основа мышления. Чтобы породить сложную мысль, нужно переработать гору «сырья» — фактов, идей, текстов, теорий, данных.

Мы, педагоги, учим детей воспринимать сложные понятия и удерживать в памяти разнообразные сведения.

Мыслить критически можно в любом возрасте: не только у студентов, но даже у первоклассников достаточно жизненного опыта и знаний. Разумеется, мыслительные способности детей будут еще совершенствоваться при обучении, но даже малыши способны думать критически и вполне самостоятельно. Именно благодаря критическому мышлению традиционный процесс познания обретает индивидуальность и становится осмысленным, непрерывным и продуктивным.

3. Постановка вопросов и разъяснение проблемных ситуаций. Человеческие существа любопытны по своей природе. Мы замечаем что-то новое и хотим узнать об этом больше. Любопытство — неотъемлемое свойство всего живого. К сожалению, малыши более любопытны, чем старшеклассники. Не виноваты ли в этом мы, взрослые? Мы должны помочь ученикам разглядеть бесконечное многообразие окружающих нас проблем.

Из этого следует, что при подготовке к занятиям учитель должен определить круг стоящих перед учениками проблем, а в дальнейшем, когда они будут к этому готовы, помочь им сформулировать их самостоятельно. Благодаря критическому мышлению учение из «школярской» рутины превращается в целенаправленную содержательную деятельность, в ходе которой ученики проделывают реальную интеллектуальную работу и приходят к решению многих жизненных проблем. Собирая данные, анализируя тексты, сопоставляя альтерна-

тивные точки зрения и коллективно обсуждая, они ищут и находят ответы на волнующие их вопросы.

4. Убедительная аргументация. Критически мыслящий человек находит собственное решение проблемы и подкрепляет его разумными доводами. Он также осознает, что возможны иные ее решения, поэтому старается доказать, что выбранное решение логичнее и рациональнее прочих.

Всякая аргументация содержит в себе три основных элемента. Главный – утверждение, поддерживаемое рядом доводов. Каждый из доводов, в свою очередь, подкрепляется доказательствами. В качестве доказательств могут использоваться статданные, выдержки из текста, а также личный опыт.

Под всеми названными элементами аргументации, т.е. утверждением, доводами и доказательствами – основание. Это точка отсчета, являющаяся общей для оратора или писателя и его аудитории, которая дает обоснование всей аргументации.

Автор заявляет, что уличные художники вправе помещать граффити на общественных зданиях (утверждение), поскольку эти рисунки выражают их личные убеждения (довод) и порой представляют собой художественную ценность (еще один довод). Затем приводит доказательства. Допустим, выдержку из Конституции о праве на свободу слова или цитату из работы философа, который утверждает, что каждый человек имеет право на самовыражение. Кроме того, автор может привести примеры граффити, имеющих художественную ценность. Основанием или посылкой выстроенной им аргументации служит идея о свободе слова как особо важном праве человека.

5. Социализация. Всякая мысль проверяется и оспаривается, когда ею делятся с другими или, как пишет философ Хана Арентс, «совершенство может быть достигнуто только в чьем-то присутствии». Когда мы спорим, читаем, обсуждаем, выражаем и обмениваемся мнениями с другими людьми, то уточняем собственную позицию. Поэтому педагоги, работающие в русле критического мышления, стараются использовать всевозможные виды парной и групповой работы, включая проведение дебатов и дискуссий.

Креативно мыслящие учителя уделяют большое

внимание выработке качеств, необходимых для продуктивного обмена мнениями: терпимость, умение слушать других, ответственность за собственную точку зрения. Таким образом, педагогам удается значительно приблизить учебный процесс к реальной жизни, протекающей за школьными стенами. Любая педагогическая деятельность в итоге направлена на построение идеального общества.

Лучшим способом развить критическое мышление есть и остается письменная работа. Пишущий всегда активен. Он мыслит самостоятельно и пользуется всем имеющимся у него багажом знаний, выстраивает достойную аргументацию для подкрепления своего мнения. Хорошая письменная работа имеет целью поиск решения некоей проблемы и предлагает найденный ответ читателям. Кроме того, она по природе своей носит социальный характер, так как пишущий всегда ориентируется на читателя.

Для современных учеников и студентов письмо – это самая трудная часть учебного процесса. В ходе работы, которая может включать в себя мозговую атаку, доработку, редактирование и «публикацию», учитель может обучать своих учеников, помогая им справляться с трудной задачей.

Для школьников же ценно, что учитель относится к их работе с интересом и уважением, что они сами получили возможность поделиться своими мыслями с одноклассниками, другими учителями, родителями. И даже с людьми, которых они совсем не знают. По всем этим причинам я глубоко убеждена, что письмо – наиболее эффективное средство обучения критическому мышлению.

Для меня, как преподавателя, проблема одна: как претворить методику критического мышления в ежедневную практику? Я ведь постоянно стремлюсь перейти от традиционной педагогики (обучения «по программе») к педагогике прогрессивной, удовлетворяющей потребности моих студентов и общества. Поэтому всегда ищу новые пути для организации наших занятий. Надеюсь, эта деятельность поможет воспитать информированных, способных направить свои идеи и энергию на добрые цели молодых людей. Они проживут жизнь так, чтобы мир стал лучше.

Предлагаю задание «Качество информации», позволяющее овладеть приемами, помогающими анализировать и оценивать качество получаемой информации:

1. Отделите поддающиеся проверке факты от интерпретаций и суждений.
2. Определите, что в данном материале для вас существенно, а что неважно или не нужно.
3. Выделите недоказанные или слабо аргументированные предположения.
4. В чем вы видите предвзятость и необъективность автора? Почему вы так решили?
5. Насколько можно доверять этому источнику? Что для вас является критерием достоверности?
6. В чем состоит точка зрения автора этого ма-

териала? Почему вы так считаете? Можно ли проследить логику рассуждений, как автор приходит к своим выводам и умозаключениям?

7. Насколько сильно аргументирована позиция автора? Или он предлагает вам принять свои суждения на веру? Как вы пришли к такому суждению?

8. Насколько точна информация в этом материале? Что вы сделали для того, чтобы убедиться в ее точности?

9. Приводит ли автор альтернативные точки зрения? Как он относится к аргументам своих оппонентов?

БІЛМЕККЕ ҚҰМАРЛЫҚ

Сабақтың мақсаты: Мұхтар Әуезовтың «Абай жолы» роман-эпопеясынан алынған «Білмекке құмарлық» үзіндісі арқылы адамның ең жақсы қасиетін білу, оны өмірде өнеге ету.

Білімділік: Ұлы Абай атамыз қалдырған асыл мұрамен таныстыру; Абай өлеңдерін, әндерін, қара сөздерін тек оқып, жаттап қана қоймай, әр сөзіне, әр жолына мән беріп, терең түсініп, оқуға үйрету.

Дамытушылық: Оқушылардың ойлау, сөйлеу мәнері мен есте сақтау қабілеттерін дамыта отырып, сөздік қорларын молайту.

Тәрбиелілік: Ұлы Абайдың шығармалары арқылы оқушылардың қазақ тіліне қызығушылықтарын арттыру, адамгершілікке, еңбекқорлыққа тәрбиелелу.

Сабақтың түрі: аралас сабақ

Сабақта қолданылатын әдіс-тәсілдер: Қазақстан тарихы, қазақ әдебиеті, орыс тілі мен әдебиеті, география

Сабақтың дидактикалық қамтамасыз етілуі: үлестірмелі материалдар, М.Әуезовтың «Абай жолы» романы.

Сабақта қолданылатын көрнекі құралдар: Абай суреті, альбом, Абайдың дана сөздері; кітап көрмесі мен жыл мезгілі бейнеленген плакаттар.

Сабақтың барысы:

I. Ұйымдастыру кезеңі:

II. Үй тапсырмасын тексеру:

– Оқушылар, бүгінгі тақырыбымыз Абайға арналғандықтан, ортаңғы сыныптарда жаттаған Абайдың «Жыл мезгілдері» циклынан «Қыс» өлеңін кім жатқа оқып бере алады? Жыл мезгілі туралы ақынның жазылған өлеңдері бейнеті мен азабы мол мал баққан шаруаны, баянсыз, көшпелі ауылды көрсететін сұлу шығармалар болып табылады. Табиғатқа жан бітіруді ұлы Абай орыс классиктерінен үйренген. Үйге өткен тақырыптар бойынша Абайдың өмірі мен балалық шағы тақырыбынан рефераттар жазып келу тапсырылған болатын. Бұл тапсырма сабақтың соңында бағаланады.

– Үйге берілген тапсырма бойынша суретші Әлямыз Абайдың білім алған медресесінің суретін салып келіпті. (Тақтаға Әлияның салған суреті ілінеді) Кане, көріп, тыңдайық!

III. Жана сабақ. Мұғалім: – Бүгін біз сабағымызды қазақтың тұңғыш ағартушыларының бірі, қазақтың ұлы ақыны Абай тақырыбын Мұхтар Әуезовтың «Абай жолы» роман-эпопеясынан алынған «Білмекке құмарлық» үзіндісімен жалғастырамыз. Сонымен қатар Ұлы Абай туралы білімімізді тиянақтап, жасөспірімдерге қалдырған өнегелі асыл сөздерімен танысып, сабақ барысында синоним сөздерді қайталаймыз.

Сабақтың эпиграфы:

Жаксынын аты өлмейді,

Ғалымның хаты өлмейді.

А.Байтұрсынов айтқандай «Абай – қазақтың бас ақыны».



А.АТШАБАРОВА,

№11 кәсіптік лицейдің қазақ тілі мен әдебиеті пәндерінің мұғалімі
Алматы қаласы.

*Абай ата – қазағымның тірегі,
Халқымыздың соғып тұрған жүрегі.
Төгетұғын сәулесі мен шуағын,
Маңдайдағы жарқыраған күн еді,
Өтіп кеттің өмірден, қалды үнің,
Сен өлгенмен, мәңгі өлмес өлеңің
«Поэзия мен өнердің патшасы» деп,
Ұрпағың тұр алдында бас иетін.*

XX ғасыр Абайды тану, одан оқып-үйрену ғасыры болды. Абай – туған елін, жерін, тілін, дінін жанындай жақсы көрген нағыз ұлтжанды дана ақын.

Абай – қазақта қолына қалам алып, ғылым мен білімнің ауыр азабын аркалап, өз халқын өркениетті елдердің қатарына қосуға тырысқан бірден-бір бірегей дана көшбасшымыз. Абай – ұлттық жазба әдебиетіміздің атасы, асқан поэтикалық қуаттың иесі, қазақ халқының мақтанышы. Абай сияқты халықтың рухани шығармашылығын осыншама жоғары көтерген қазақ ақыны әлі кездескен жоқ.

«Өлді деуге бола ма, айтыңдаршы,

Өлмейтұғын артына сөз қалдырған», – дегендей, бүгінгі біздің сабағымыз Абай атамның жас ұрпаққа тәлім-тәрбие беретін өнегелі де асыл сөздеріне, даналық ойларына байланысты болып отыр. М.Әуезов романынан Абайдың адам мінезіндегі ең жақсы қасиет деп нені санағанын және осы тақырыпта қандай өлеңдері барын білеміз.

Оқулықпен жұмыс. Оқулықтың 89-шы бетін ашайық.

Мәтінді мен оқып, одан кейін сендер оқисындар. Сұрақтарға жауап берейік.

Сөздік жұмыс. Берілген сөз тіркестеріне синоним келтіріңдер. Естеріне түсіріңдер, синоним дегеніміз – мағыналары ұқсас сөздер! Тақтаға шығып, сөз тіркестерін жазыңдар!

Жаксы қасиет – (тартымды, өнегелі) қасиет
Талай жылдар – (көп) жылдар
Тірлік тынысы – (өмір) тынысы
Өткізген шақтары – өткізген (уақыты)
Айналасынла жиылған – (қасында) жиналған
Әрдайым айтады – (әрқашан) айтады.

IV. «Даналық ағаш» ойыны

Тақтаға нөмірленген жапырақтары жабулы ак қайың суреті ілінеді. Оқушылар мәтінді мұқият оқып, 2 топ мәтін бойынша 3 сұрақтан құрастырып, нөмірлеп таратылған қағазға жазады. Сұрақ жиылып, сандыққа салынады. Мәтін тағы бір рет оқылады. Оқушылар кезекпен ағаш жапырағын ашып, сол нөмірлі сұрақ оқылып, қарсы топ жауап береді.

Мысал-сұрақтар:

1. Шыңғыс тауы қай жерде орналасқан?
2. Биыл Абай атамыз нешеге келеді?
3. Абайдың шын аты кім?
4. Ауыл әйелдері Абайды неге Телғара деп атаған?
5. «Білмеке құмарлық» сөз тіркесін орысшаға аудар.

6. Абай азаматтық қарызын қалай өтеген?

Жаттығу жұмыстары: 1-ші топ 9-шы жаттығуды орындайды. Сөз тіркестерін қатыстырып, 5-6 сөйлем құрастырыңдар. Ал, екінші топ 10-жаттығудағы екі бағанға бөлініп берілген сөз тіркестерін біріктіріп, сөйлем құраңдар.

3. Көрініс. Абай өлеңдері мен шешендік сөздері мәңгі жасап келеді. Жас ұрпаққа «Уақытты босқа оздырмай, оқу-білімге көңіл қой» дейді.

Әсемпаз болма әрнеге,

Өнерпаз болсаң арқалан.

Сен де бір кірпіш дүниеге,

Кетігін тап та, бар қалан, – деп әр адамның өмірден өз орнын табу керектігін айтады. Міне, сабағымызға Абай атамыздың өзі де келіп жетті!

Абай:

Ғылым таппай мақтанба,

Орын таппай баптанба,

Құмарланып шаттанба,

Ойнап босқа күлуге,

Бес нәрседен қашық бол,

Бес нәрсеге асық бол,

Адам болам десеңіз.

Өсек, өтірік, мақтаншақ,

Еріншек, бекер мал шашпақ,

Талап еңбек, терей ой,

Қанағат рақым ойлап қой –

Бес асыл іс, көнсеңіз...

Болмасаң да ұқсап бақ,

Бір ғалымды көрсеңіз.

Абайдың кара сөздерінде күллі адам баласын қорқылатын үш нәрсе бар. Содан қашпақ керек: әуелі – надандық, екінші – еріншектік, үшінші – залымдық



деп айтылған.

Шырайлым Абайдың «Кара сөзінен» үзінді оқиды.

V. Қорытындылау.

1. Өтілген сабақ бойынша білімін тексеру үшін блиц сұрақтарға жауап беру.

Сұрақтар:

Ел молдасы арнайы азан шақырып қойған Абайдың шын аты кім?

Абай неше ағайынды?

«Абай жолы» роман-эпопеясының авторы кім?

Абай прозасы?

«Араны барған сайын қатты ашылып,

Жердің жүзін алуға ой ойлады...» деген үзінді

Абайдың қай поэмасынан алынған?

«Қаранғы түнде тау қалғып...» – өлеңін орыстың қай ақынынан аударған?

Абай қай жүзді, руы кім?

Әжесі мен анасының аты?

Шәкәрім Құдайбердіұлы Абайға кім болып келеді?

Абайдың арғы аталары кімдер?

Құнанбай неше әйелді болған?

Семейдегі Абай оқыған медресе қалай аталған?

Абай неше жасқа дейін оқыған?

2. «Өлең – сөздің патшасы, сөз сарасы», – деп Абай атамыз айтқандай, Айжанның Абай атамызға арнауын тыңдайық!

Абайға арнау

Қайран елім қазағым,

Қалың жұртым.

Ұстарасыз аузыңа

Түсті-ау мұртың!

Осылай деп жырлаған Абай баба,

Жырыменен тазартты жүрек құтын.

Жырладың жақсыны да, жаманды да,

Жырладың білгірді де, наданды да,

Жырладың ай мен күнді, табиғатты,

Жырладың бүкіл әлем, ғаламды да.

Өзіңсің кедейлерге болған пана,

Жүзіңнен нұр төгіліп қарағанда,

Кешіріммен қарадың сонда да сен,

Көр соқырлар өзіңді сабағанда.

Абайдың елі еді ақ арманы,
Сондықтан да жарқырап, жанған бағы.
Бұл күнде жігіт біткен армандайды,
Болса деп Әйгерімдей сұлу жары.
Атағын әлем білген, ұғынғандай
Мен жырламай өтемін мұны қалай?!
Жүректің түкпірінен орын алған,
Атыңнан айналайын ұлы Абай!

– Сонымен, сабағымызды қазақтың ұлы ақыны – Абай атамыздың сөзімен аяқтағым келеді:

«Еріншектік – күлді дүниедегі өнердің дұшпаны», өмірде адам өз мақсатына жету үшін, қандай қасиет болу керек?

VI. Үйге тапсырма.

Мәтінді оқып, мазмұндау.

8-жаттығу. Сөздерді қатыстырып, сөз тіркесін жасандар.

VII. Бағалау. Бағалау парағы: әр тапсырма бойынша дұрыс жауап берген оқушыны белгілеп, сабақ соңында жауаптары есептеліп, бағаланады.

VIII. Рефлексия.

Бүгінгі сабақ ұнады ма?

Сабақта қандай қиындықтар болды?

Сабақта нені жақсы игердіңдер?



Сабақта қолданылған әдебиеттер:

Абай Құнанбаев. Қара сөздері. Алматы, 2004 ж.

Абай Құнанбаев. Өлеңдер жинағы. Алматы, 1961 ж.

«Абай Құнанбаев» М.О.Әуезов. Алматы, 1976 ж.

«Ұлы ақын, ағартушы – Абай Құнанбаев». Қазақ ССР тарихы, I том, Алматы, 1957 ж.



Республикалық педагогикалық, ғылыми-әдістемелік «Қазақ және әлем әдебиеті – Казахская и мировая литература» журналының редакциясы Абай атындағы Республикалық мамандандырылған дарынды балаларға арналған қазақ тілі мен әдебиетін тереңдете оқытатын орта мектеп-интернатының директоры, ҚР «Білім беру ісінің құрметті қызметкері» Мұхтар Ботабайұлы Ибраимовқа

әпкесі

Гүлайым Ботабайқызының

қайтыс болуына байланысты ауыр қайғысына ортақтасып, кеңіл айтады.



СМОТРИТЕ НА МИР ШИРЕ!

ПОДПИШИТЕСЬ НА ИЗДАНИЯ «ТОО «БІЛІМ» И «СӘТНАЗ»!



Индекс

7 5 5 6 6



ҚАЗАК және ӘЛЕМ
ӘДЕБИЕТІ
КАЗАХСКАЯ и МИРОВАЯ
ЛИТЕРАТУРА

При оформлении обложки
использованы иллюстрации
к роману И. Есенберлина «Кочевники»
издания Фонда Есенберлина